# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**ТҮРІК ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

*Қарапайым деңгей*

A1



ҚАЗАҚ ТІЛІ

A1

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**ТҮРІК ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

# A1

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ

Астана, 2023

УДК 811.512.122 (075.8)
ББК 81.2Қаз-923
Қ17

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
"Ш.Шаяхметов атындағы "Тіл-Қазына" ҰҒПО" КЕАҚ әзірледі

**Авторлары:**

**Н. Бирай** – Памуккале Университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

**Г. Құрманғалиева Ерджиласун** – Анкара Қажы Байрам Вели Университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы.

**Л. Есбосын** – «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ, филология магистрі.

**Ж. Искакова** – «Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КЕАҚ, филология ғылымдарының кандидаты.

**С. Ұзақбайқызы** – Хаджеттепе Университеті TÖMER, қазақ тілі курсының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**Редактор:**

**С.Е. Карыбаева** – Л.Н.Гумилев атындағы Ұлттық Еуразиялық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.

**Қазақ тілі:** Қарапайым деңгей (А1): Түрік тілді аудиторияға арналған оқу құралы. – Астана: 2023. – 196 бет.

ISBN 978-601-7504-75-5

Қ17 Бұл оқу құралы қазақ тілін қарапайым деңгейде үйренуге арналған. Құралда туыстас тілдерді үйрету әдістемесі басшылыққа алынып, күнделікті жиі қолданылатын 10 лексикалық тақырып және сөйлеудің төрт дағдысын (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) тез әрі тиімді меңгертетін тапсырмалар берілген.

Оқу құралы түрік және қазақ тілдерінің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ескеріп әзірленген. Түрік тілді тіл үйренушінің қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыруды көздейді.

© Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2023

© Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық-ғылыми практикалық орталығы, 2023

© Н.Бирай, Г.Құрманғалиева Ерджиласун,
Л.Есбосын, Ж.Искакова, С.Ұзақбайқызы, 2023

# МАЗМҰНЫ


| | | |
|---|---|---|
| 1-ДӘРІС | ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ<br>KAZAK ALFABESİ | 5 |
| 2-ДӘРІС | ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ<br>TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA | 12 |
| 3-ДӘРІС | ОТБАСЫМ<br>AİLEM | 27 |
| 4-ДӘРІС | МЕНІҢ ҮЙІМ<br>BENİM EVİM | 37 |
| 5-ДӘРІС | КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР<br>GÜNLÜK HAYAT | 55 |
| 6-ДӘРІС | ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА<br>MAĞAZADA, PAZARDA | 69 |
| 7-ДӘРІС | МАМАНДЫҚТАР<br>MESLEKLER | 84 |
| 8-ДӘРІС | КӨЛІК. СӘТ САПАР!<br>VASITA. İYİ YOLCULUKLAR! | 94 |
| 9-ДӘРІС | КІТАПХАНАДА<br>KÜTÜPHANEDE | 104 |
| 10-ДӘРІС | ДЕМАЛЫС. ҚОНАҚ ҮЙДЕ<br>TATİL. OTELDE | 114 |
| КЕЙБІР ӘРІПТЕРДІҢ ДЫБЫСТЫҚ МӘНДЕРІ ТУРАЛЫ | | 130 |
| ЖАҢА СӨЗДЕР | | 142 |
| ТЫҢДАЛЫМ МАТЕРИАЛДАРЫ | | 156 |
| ДҰРЫС ЖАУАПТАР | | 174 |

# АЛҒЫ СӨЗ

Тіл үйрену – жаңа салаларға, жаңа қалаларға, жаңа елдерге саяхаттау іспеттес. Жаңа тіл үйренгенде адам тек тілді ғана үйреніп қоймайды, сол елдің әдет-ғұрпын, мәдениетін, ділін де үйренеді, өзін жетілдіреді. Бүгінгі таңда күн санап дамып жатқан жаңа технологиялар мен үрдістердің ықпалы, саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың дамуы мен өзгеруі, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі мәдени байланыстар жеке тұлғаның қоғамдағы мәртебесіне қарамастан шет тілін үйренуге деген ынтасын арттырады. Шет тілдерін үйренуге деген қажеттілік күн сайын артуда. Адамдардың басқа тілді үйренуінің әртүрлі себептері бар: экономикалық, коммерциялық, білім алу, дипломатиялық немесе жеке басқа қатысты факторлар т.б.

Тіл үйренуге күш салу тек бүгінгі күннің құбылысы немесе қажеттілігі емес. Бұл көне заманнан бастап бүгінге дейін жалғасып келе жатқан үрдіс, бұл сұраныс пен талаптың нәтижесі. Шет тілді үйрену үшін алдымен ниет пен ынта керек, адам алдына мақсат қойса, оған сабырмен, ерік-жігермен, еңбекпен жетеді.

Қазіргі таңда түркі халықтарының бір-бірлерінің тілдерін үйренуге ниетті екендері белгілі; бұл сұраныс күн сайын арта түсуде. Қазақ тілі де сұранысқа ие тілдердің бірі. Сондай-ақ шетелдіктер де қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытуда.

Тіл үйренуде үш негізгі фактор бар: үйренуші, үйретуші (мұғалім) және тіл үйрету құралдары. Тіл үйрену барысында, жақсы нәтижеге жету үшін үйренушілердің ынталы болуы және мұғалімдердің де осы салада білім алып, тіл үйрету әдістерін ұтымды пайдалана алатын ұстаз ретінде дайындалуы маңызды. Үйренушілерге де, мұғалімдерге де тілді оқытудың керекті әдістеріне сәйкес, тиянақты дайындалған кітаптар, әдістемелік құралдар мен көмекші оқу материалдары қажет.

Қолыңыздағы оқу құралы қазақ тілін үйренгісі келетін барлық тұлғаларға арналған, сонымен қатар түрік тілді аудиторияға лайықтап түрік тілінде түсіндірмелер де берілген. Қазақ тілін үйренуге талаптанушыларға А1 (бастапқы) деңгейінде тіл үйретуге, бағыт-бағдар беруге және күнделікті өмірде қажетті деңгейде қолдана алуларын қамтамасыз етуге арналған. Бұл кітап жеке тұлғаларға өз ойын қазақ тілінде жеткізуге және қоғамның көптеген орындарында қарым-қатынас жасап, түсінісуге мүмкіндік береді. Кітап үйренушілердің қазақ тілінде оқу, тыңдау, түсіну, сөйлеу және жазу дағдыларын жетілдіруге арналған.

Барлығыңызға сәттілік тілейміз!



# ДӘРІС 1 DERS

## ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

## KAZAK ALFABESİ

# ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ
# KAZAK ALFABESİ

## ТҮСІНДІРМЕЛІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ. AÇIKLAMALI KAZAK ALFABESİ.



**Тыңдаңыз. Қайталаңыз.**

| Кирилл әріптері | | Латын әліпбиі | | Мысал |
|---|---|---|---|---|
| Бас әріп | Кіші әріп | Бас әріп | Кіші әріп | |
| А | а | A | a | *Ат* |
| Ә | ә | Ä | ä | *Әтеш* |
| Б | б | B | b | *Балық* |
| В | в | V | v | *Вагон* |
| Г | г | G(e) | g | *Гүл* |
| Ғ | ғ | Ğ(a) | ğ | *Ғарыш* |
| Д | д | D | d | *Доп* |
| Е | е | E | e, ye | *Етік* |
| Ё | ё | Yo | yo | *Актёр* |
| Ж | ж | J / C | j/c | *Жапырақ* |
| З | з | Z | z | *Зымыран* |
| И | и | IY, İY, İ | ıy, iy, i | *Ит* |
| Й | й | Y | y | *Йогурт* |
| К | к | K | k | *Кітап* |
| Қ | қ | Q | q | *Қалам* |
| Л | л | L | l | *Лақ* |
| М | м | M | m | *Мысық* |
| Н | н | N | n | *Нан* |
| Ң | ң | Ñ | ñ | *Аң* |
| О | о | O | o | *Орындық* |
| Ө | ө | Ö | ö | *Өрік* |

## ТҮСІНДІРМЕЛІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ. AÇIKLAMALI KAZAK ALFABESİ.

| Кириллица әріптері | | Латын әліпбиі | | Мысал |
|---|---|---|---|---|
| Бас әріп | Кіші әріп | Бас әріп | Кіші әріп | |
| П | п | P | p | *Піл* |
| Р | р | R | r | *Робот* |
| С | с | S | s | *Сағат* |
| Т | т | T | t | *Тау* |
| У | у | UW, ÜW, W, U | uw, üw, w, u | *Уық* |
| Ұ | ұ | U | u | *Ұшақ* |
| Ү | ү | Ü | ü | *Үтік* |
| Ф | ф | F | f | *Фотоаппарат* |
| Х | х | X | x | *Хат* |
| Һ | һ | H | h | *Жиһаз* |
| Ц | ц | TS | ts | *Цирк* |
| Ч | ч | Ç | ç | *Чемпион* |
| Ш | ш | Ş | ş | *Шай* |
| Щ | щ | ŞÇ | şç | *Щётка* |
| Ъ | ъ | ‘‘ | ‘‘ | ъ |
| Ы | ы | I | ı | *Ыдыс* |
| І | і | İ | i | *Ілгіш* |
| Ь | ь | ‘ | ‘ | *Альбом* |
| Э | э | E | e | *Эскалатор* |
| Ю | ю | YUW, YÜW, YU | yuw, yüw, yu | *Аю* |
| Я | я | YA | ya | *Қоян* |



**1-тапсырма. Жазыңыз. Оқыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Аа | ......................... | Пп | ......................... |
| Әә | ......................... | Рр | ......................... |
| Бб | ......................... | Сс | ......................... |
| Вв | ......................... | Тт | ......................... |
| Гг | ......................... | Уу | ......................... |
| Ғғ | ......................... | Ұұ | ......................... |
| Дд | ......................... | Үү | ......................... |
| Ее | ......................... | Фф | ......................... |
| Ёё | ......................... | Хх | ......................... |
| Жж | ......................... | h | ......................... |
| Зз | ......................... | Цц | ......................... |
| Ии | ......................... | Чч | ......................... |
| Йй | ......................... | Шш | ......................... |
| Кк | ......................... | Щщ | ......................... |
| Ққ | ......................... | ъ | ......................... |
| Лл | ......................... | Ыы | ......................... |
| Мм | ......................... | Іі | ......................... |
| Нн | ......................... | ь | ......................... |
| Ңң | ......................... | Ээ | ......................... |
| Оо | ......................... | Юю | ......................... |
| Өө | ......................... | Яя | ......................... |

## 2-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.

**Ә** – ән, әже, әтеш, әріп, әтір.
**Ғ** – аға, ғарыш, сағат, ғасыр, мұғалім.
**Ж** – жол, жаз, жұмыс, жапырақ, жұмыртқа.
**Й** – күй, бай, тай, шай, кедей.
**Ң** – аң, таң, жаңа, еңбек, кеңес.
**У** – ту, уық, ауыл, білу, уақыт.
**Х** – хан, хат, хатшы, тарих, махаббат.
**Һ** – жауһар, гауһар, жиһаз айдаһар, қаһарман.
**Ц** – цирк, цемент, циркуль.

## 3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
|  | ☐ піл | өрік ☐ |  |
|  | ☐ қалам | ілгіш ☐ |  |
|  | ☐ кітап | үтік ☐ |  |
|  | ☐ ұшақ | ғарыш ☐ |  |
|  | ☐ жапырақ | етік ☐ |  |
|  | ☐ сағат | мысық ☐ |  |
|  | ☐ дәптер | | |

**4-тапсырма. Суреттегі заттардың атауларын жазыңыз.**




.......................................... ..........................................




.......................................... ..........................................




.......................................... ..........................................




.......................................... ..........................................




.......................................... ..........................................

**5-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.**










**6-тапсырма. Тыңдаңыз. Жазыңыз.**

....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................
....................................... .......................................

**7-тапсырма. Бос жерлерді толтырыңыз.**

 г.....л

 өр.....к

 .................

 .....ша.....

 ор.....нды.....

 са.....ат

 .....т.....к

 .....т.....к

 .....д.....с

 х.....т

**8-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.**

Бұл не? Бұл – тау.
Бұл не? Бұл – ит.
Бұл не? Бұл – жапырақ.
Бұл не? Бұл – өрік.
Бұл не? Бұл – қалам.

Бұл не? Бұл – етік.
Бұл не? Бұл – уық.
Бұл не? Бұл – ыдыс.
Бұл не? Бұл – әтеш.
Бұл не? Бұл – аң.

*Мақал-мәтелдер*

*"Тіл – достықтың алтын көпірі."*

*Ұлағатты сөздер*

*"Сөздің ең ұлысы – тарих!"*

*Ахмет Байтұрсынұлы*

**Тыңдаңыз: Халық әні "Қамажай".**



# ДӘРІС 2 DERS

## ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ

## TANIȘMA, SELAMLAȘMA VE VEDALAȘMA

## 1-тапсырма. Диалогты оқыңыз.




- Сәлеметсіз бе!
- Сәлеметсіз бе!
- Менің атым – Айнұр. Сіздің атыңыз кім?
- Менің атым – Маржан.
- Танысқаныма қуаныштымын!
- Мен де танысқаныма қуаныштымын.
- Қалыңыз қалай?
- Жақсы, рақмет. Өзіңіздің қалыңыз қалай?
- Менің де қал-жағдайым жақсы, рақмет!

## СӘЛЕМДЕСУ, АМАНДАСУ. SELAMLAŞMA.

| | |
|---|---|
| Сәлем! | Selam! |
| Сәлеметсің бе! | Merhaba! |
| Сәлеметсіз бе! | Merhaba! (Nezaket) |
| Сәлеметсіңдер ме! | Merhaba! (Çoğul, samimi) |
| Сәлеметсіздер ме! | Merhaba! (Çoğul, nezaket) |

| | |
|---|---|
| Қайырлы таң! | Günaydın! |
| Қайырлы күн! | İyi günler! |
| Қайырлы кеш!/ Кеш жарық! | İyi akşamlar! |
| Қайырлы түн! | İyi geceler! |

** Türkçeden farklı olarak Kazakçada vedalaşırken kullanılmaz!*

# ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA

**2-тапсырма. Тыңдаңыз. Оқыңыз.**



Сәлем!
Сәлеметсің бе!
Сәлеметсіз бе!
Сәлеметсіңдер ме!
Сәлеметсіздер ме!

Қал-жағдайыңыз қалай? Рақмет, жақсы.
Қалыңыз қалай?
Аман-есенсіз бе?
Жағдайыңыз қалай?
Денсаулығыңыз қалай?



Қайырлы таң!



Қайырлы күн!



Қайырлы кеш!
Кеш жарық!



Қайырлы түн!

**3-тапсырма. Диалогты оқыңыз.**

- Қайырлы таң!
- Қайырлы таң!

- Қалыңыз қалай?
- Жақсы, рақмет.

- Сіз қайдан боласыз?
- Мен Түркиядан келдім.

# ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA



- Есіміңіз кім?
- Менің есімім – Кемаль.

- Менің атым – Әлихан.
- Сіз қай жақтан келдіңіз?

- Мен Қарағандыдан келдім. Танысқаныма қуаныштымын!
- Өзіңіз қай жақтан келдіңіз?

- Мен Измирден келдім. Мен де танысқаныма қуаныштымын!

### 4-тапсырма. Ретімен орналастырыңыз.

**Ермек:** Сәлем!
**Асылзат:** ................................. .
**Ермек:** Менің атым – Ермек. Сіздің ................................. ?
**Асылзат:** ................................. – Асылзат.
**Ермек:** ................................. қуаныштымын.
**Асылзат:** Мен де ................................. .
**Ермек:** ................................. ?
**Асылзат:** ................................. , жақсы.
**Ермек:** ................................. .
**Асылзат:** Көріскенше!

*Көріскенше*
*танысқаныма*
*Атыңыз кім?*
*қуаныштымын*
*Сәлем*
*Менің атым*
*Қалыңыз қалай?*
*Рақмет*

### 5-тапсырма. Оқыңыз. Диалог құрыңыз.



**Әсел:** Қайырлы таң, Жазира апай! Қалыңыз қалай?
**Жазира апай:** Қайырлы таң, Әсел! Рақмет, жақсы. Өзің қалайсың?
**Әсел:** Мен де жақсымын, апай. Рақмет!
**Жазира апай:** Әсел, сені сыныптың жаңа оқушысымен таныстырайын.
**Шырын:** Сәлем! Есімім – Шырын. Танысқаныма қуаныштымын!
**Әсел:** Мен Әселмін. Танысқаныма қуаныштымын!
**Жазира апай:** Көріскенше, оқушылар!
**Шырын**, **Әсел**: Сау болыңыз, апай!

# ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA

**6-тапсырма. Берілген есімдермен диалог құрастырыңыз.**

*Аслан, Гүлсезім, Әсем, Омар, Кемаль, Гүлнұр.*

**7-тапсырма. Диалогты ретімен қойыңыз.**

_1_ Жасұлан: Сәлеметсіз бе, Шынар!
___ Шынар: Сау болыңыз, ағай!
___ Жасұлан: Қалың қалай, Шынар?
___ Шынар: Рақмет, жақсымын.
___ Жасұлан: Денсаулығыңыз қалай?
___ Шынар: Сау бол, Шынар!
___ Жасұлан: Жақсымын, ағай. Рақмет! Сіздің калыңыз қалай?
___ Шынар: Сәлеметсіз бе, Жасұлан ағай!
___ Жасұлан: Жақсы.



**8-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз. Танысайық.**



Бұл - Айман. Ол – студент. Астаналық. Жиырма жаста.



Ол – Айбек. Тегі – Омар. Айбек – ұшқыш. Түркістандық. Отыз жаста.



Мен – Ұланмын, оқушымын. Алматыда тұрамын. Он бес жастамын.



Менің атым – Элиф. Мен Түркиялықпын. Эрзурум қаласынан келдім. Студентпін. Он тоғыз жастамын.

**9-тапсырма. Оқыңыз. Қайталаңыз.**



Арман: Алло, сәлем, Әсем.
Зейнеп: Алло. Бұл Әсем емес, Зейнеп.
Арман: Кешіріңіз, менің атым – Арман. Әсемнің досымын.
Зейнеп: Танысқанымa қуаныштымын, Арман.
Арман: Мен де танысқанымa қуаныштымын.



**10-тапсырма. Телефон арқылы танысу диалогын құрыңыз. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Түркиядан, Түрік |  | ☐ | ☐ |  | *Ольга* |
| Канададан, Канадалық |  | ☐ | ☐ |  | *Ли Мэй* |
| Америкадан, Американдық |  | ☐ | ☐ |  | *Ноян* |
| Ресейден, Ресейлік |  | ☐ | ☐ |  | *Юсуф* |
| Моңғолиядан, Моңғол |  | ☐ | ☐ |  | *Вано* |
| Қытайдан, Қытай |  | ☐ | ☐ |  | *Кэн* |
| Грузиядан, Грузин |  | ☐ | ☐ |  | *Джессика* |

2 ДӘРІС
DERS

# 2.1 ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA

## 11-тапсырма. Тыңдаңыз, сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| *Азат* | Баку |
| *Салтанат* | Семей |
| *Дәурен* | Қызылорда |
| *Мехмет* | Түркістан |
| *Сағыныш* | Ақтөбе |
| *Ғалымжан* | Орал |
| *Эфе* | Измир |
| *Ахмет* | Анкара |

***Қайдан, қай жақтан*** сұрақтарын қолдана отырып, диалог құрастырыңыз.

### ҚОШТАСУ. VEDALAŞMA.

| | |
|---|---|
| Сау бол! | Сау болыңдар! |
| Сау болыңыз! | Сау болыңыздар! |
| Аман-есен бол(ыңыз+дар)! | Көріскенше! |
| Қош-сау бол(ыңыз+дар)! | Көріскенше күн жақсы! |

## 12-тапсырма. Тыңдаңыз, сәйкестендіріңіз.

| | | Омар | Әлия | Дархан |
|---|---|---|---|---|
| **Мамандық:** | *Дәрігер* | | | |
| **Туған жері:** | *Алматы* | | | |
| **Жасы:** | *Он сегіз* | | | |
| **Мамандық:** | *Оқытушы* | | | |
| **Жасы:** | *Отыз бес* | | | |
| **Туған жері:** | *Ыстамбұл* | | | |

**1-тапсырма. Полилогты тыңдаңыз. Досыңызды таныстырыңыз.**



**Атау септік: Кім? Не?**

- Бұл кім?
- Бұл кісі – менің әкем.
- Бұл не?
- Бұл – кітап.

- Бұл кім?
- Бұл – оқушы.
- Бұл не?
- Бұл – мысық.

**2-тапсырма.** ***Бұл не? Ол не? Бұл кім? Ол кім?*** **Аяқтаңыз.**

**Бұл** **не?**



*Су, кілт, қоян, орындық, теңіз, күнтізбе, сурет, тоңазытқыш, үй, дастархан, кітап, дәрі, кәмпит, тақта*

**Ол** **не?**

**Бұл** **кім?**



*Студент, оқушы, тігінші, Арман, кітапханашы, әже, Майра, бөбек*

2 ДӘРІС
DERS
2.2

# ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA

**3-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

 ☐
 ☐
 ☐
 ☐
 ☐
 ☐

Бұл кім?

Ол не?

**ма, ме, ба, бе, па, пе?**
**Иә, жоқ, емес.**

- Осы көше ме?
- Иә, осы көше.

- Бұл тақта ма?
- Иә, бұл тақта.

- Бұл мектеп пе?
- Иә, бұл мектеп.

- Бұл орындық па?
- Иә, бұл орындық.

- Бұл есік пе?
- Жоқ, бұл есік емес.

- Бұл мысық па?
- Иә, бұл мысық.

- Бұл мұз ба?
- Жоқ, бұл мұз  емес.

- Бұл көз бе?
- Жоқ, бұл көз емес, бұл көзілдірік.

**Бұл, мына, мынау,**
**міне, осы; ана, анау**

**4-тапсырма. Диалогты оқыңыз.**

- Бұл не?
- Бұл кітап.

- Мынау не?
- Бұл дәптер.

- Анау не?
- Ол блокнот.

- Маған күнделік беріңізші.
- Міне алыңыз.

- Мына жерде дәптер бар. Анау жерде өшіргіш бар.
- Мына дәптер мен ана кітапты жаңа әкелді.

- Осы өшіргіш пе?
- Иә, осы өшіргіш.

**бар, жоқ**

- Дәрісханада не бар?
- Дәрісханада парта, орындық, үстел және тақта бар.

- Дәрісханада қалам бар ма?
- Ия, дәрісханада қалам бар.

- Дәрісханада ауабаптағыш бар ма?
- Жоқ, дәрісханада ауабаптағыш жоқ.

- Дәрісханада желдеткіш бар ма?
- Ия, дәрісханада желдеткіш бар.

## КӨПТІК ЖАЛҒАУ. ÇOĞUL EKİ.

**Көптік жалғау:**

***-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер***

жуан дауысты дыбыс + *лар/дар/тар*
жіңішке дауысты дыбыс + *лер/дер/тер*
дауыссыз дыбыстар:
й, р, у + *лар/лер*
ж, з, л, м, н, ң, д, б, г, ғ + *дар/дер*
к, қ, п, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ + *тар/тер*

| | |
|---|---|
| Қала+*лар* | Үй+*лер* |
| Бала+*лар* | Кеме+*лер* |
| Ай+*лар* | Кептер+*лер* |
| Қалам+*дар* | Гүл+*дер* |
| Қағаз+*дар* | Күн+*дер* |
| Ағаш+*тар* | Есік+*тер* |
| Қап+*тар* | Тас+*тар* |
| Кеш+*тер* | Бет+*тер* |

**6-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін мазмұны бойынша мазмұндама жазыңыз.**





## САНДАР. SAYILAR.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бір | 1 | Он бір | 11 | Қырық | 40 |
| Екі | 2 | Он екі | 12 | Елу | 50 |
| Үш | 3 | Он үш | 13 | Алпыс | 60 |
| Төрт | 4 | Он төрт | 14 | Жетпіс | 70 |
| Бес | 5 | Он бес | 15 | Сексен | 80 |
| Алты | 6 | Он алты | 16 | Тоқсан | 90 |
| Жеті | 7 | Он жеті | 17 | Жүз | 100 |
| Сегіз | 8 | Он сегіз | 18 | Мың | 1 000 |
| Тоғыз | 9 | Он тоғыз | 19 | Миллион | 1 000 000 |
| Он | 10 | Жиырма | 20 | Миллиард | 1 000 000 000 |
| | | Отыз | 30 | | |

# ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA

**7-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталап жазыңыз.**

?-.............., ?.............., ?-.............., ?-.............., ?-.............., ?-..............,
?-.............., ?-.............., ?-.................., ?-.................., ?-..............,
?-...................., ?-.................. .

?-........................, ?-........................, ?-........................, ?-........................,
?-........................, ?-.................., ?-........................, ?-........................,
?-..................

?-........................, ?- ........................, ?-........................, ?-........................,
?-........................, ?-........................, ?-........................, ?-........................

?-.................., ?-........................, ?-........................, ?-........................, ?-....
........................., ?-.............................., ?-..............................,
?-.............................. .

**8-тапсырма. Жазыңыз.**

| | |
|---|---|
| 3 – .......................... | 60 – .......................... |
| 92 – .......................... | 75 – .......................... |
| 1904 – .......................... | 2023 – .......................... |
| ............ – қырық бес | ............ – жүз |

....................... – он мың алпыс сегіз

....................... – үш жүз қырық мың

2000000 – .............................................   005 – ....................................

................................ – Он төрт миллион үш жүз қырық мың

................................ – Он екі миллиард

## РЕТТІК САН ЕСІМДЕР. SIRA SAYI SIFATLARI.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бірінші | 1. | Жетінші | 7. |
| Екінші | 2. | Сегізінші | 8. |
| Үшінші | 3. | Тоғызыншы | 9. |
| Төртінші | 4. | Оныншы | 10. |
| Бесінші | 5. | Жиырмасыншы | 20. |
| Алтыншы | 6. | Жиырма бірінші | 21. |

**9-тапсырма. Оқыңыз.**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1-інші | 3-інші | 5-інші | 7-нші | 9-ыншы |
| 2-нші | 4-інші | 6-нысы | 8-інші | 10-ыншы |

**10-тапсырма. Реттік санды жазыңыз.**




Халық саны - 1 354 435

..............................




Халық саны - 2 161 695

*Бірінші*

..............................




Халық саны - 1 191 877

..............................

2 ДӘРІС
DERS

# 2.2 ТАНЫСУ, АМАНДАСУ ЖӘНЕ ҚОШТАСУ
# TANIŞMA, SELAMLAŞMA VE VEDALAŞMA

**11-тапсырма. Сөйлемдерді тыңдаңыз және оқыңыз.**

Менің туған күнім үшінші **қаңтарда**.
Сенің туған күнің жиырма төртінші **ақпанда**.
Сіздің туған күніңіз отызыншы **наурызда**.
Оның туған күні он бесінші **сәуірде**.

Бүгін бірінші **мамыр**.
Ертең жетінші **маусым**.
Кеше он тоғызыншы **шілде** болды.
Бүрсігүні жиырма сегізінші **тамыз**.
Бірінші **қыркүйек** – Білім күні.
Жиырма бесінші **қазан** – Республика күні.
Сегізінші **қараша** күні атам келеді.
Он алтыншы **желтоқсан** – Тәуелсіздік күні.
Биыл екі мың жиырма үшінші жыл.

**Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Бүгін қай күн?
Ертең қай күн?
Кеше қай күн болды?
Биыл қай жыл?
Сенің туған күнің нешесі?
Досыңның туған күні нешесі?

**Төмендегі мақалды оқыңыз.**

**Осыған ұқсас қандай мақалдарды білесіз?**

*Мақал-мәтелдер*

"Алыстан алты жасар
бала келсе,
алыстағы қария сәлем
береді"

**"Сағындым, Алматымды" әнін тыңдаңыз.**



# ДӘРІС 3 DERS

## ОТБАСЫМ

## AİLEM

# ОТБАСЫМ
# AİLEM

**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Менің атым – Айнәзік. Мен Шымкентте тұрамын. Мен 11-сыныпта оқимын. Менің ата-анам – дәрігер. Әкем – тіс дәрігері, анам – балалар дәрігері. Менің бір әпкем мен бір ағам бар. Әпкем – экономист. Ағам – компьютер инженері. Әпкем тұрмыс құрған, ағам үйленген. Олар Алматыда тұрады. Менің атам мен әжем мұғалім болған, қазір – зейнеткер. Біздің отбасымыз өте тату. Мен отбасымды өте жақсы көремін.






| | | |
|---|---|---|
| Отбасы, жанұя | Іні, бауыр | Балдыз |
| Әке | Жиен | Қайынбике |
| Ана, шеше | Бала | Бажа |
| Ата-ана, әке-шеше | Немере | Абысын |
| Ата | Туыс, туысқан, ағайын | Құда |
| Әже | Жеңге | Нағашы |
| Ата-баба | Жезде | Күйеу |
| Апа, әпке | Ата-ене | Күйеу бала |
| Аға | Қайынсіңлі | Келін |
| Сіңлі | Қайынаға | Әйел |
| Қарындас | Қайны | |

**2-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз.**



**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Менің атым – Мұрат. Мен 15 жастамын. Оқушымын. Менің отбасым үлкен. Біз Алматыда тұрамыз. Әкемнің аты – Жандос. Ол қырық бес жаста. Өзінің фирмасы бар. Анам – Гүлжан, қырық жаста. Ол – мұғалім. Менің 3 бауырым бар. Әпкемнің есімі – Дариға. Ағамның есімі – Дулат. Олар студент. Інімнің аты – Батыр. Ол оқушы. Атам мен әжем зейнеткер. Атамның есімі – Қайсар. Әжем – Гүлдара. Біз бақытты отбасымыз.

### Тиісті жауаптарды жазыңыз.

1. Мұраттың әкесі ................................................ .
2. Мұраттың ағасы ................................................ .
3. Мұраттың ата-анасының жасы ................................................ .
4. Мұрат отбасымен ................................................ тұрады.
5. Дулат пен Дариға ................................................ .
6. Батыр ................................................ оқиды.
7. Мұраттың әкесінің ................................................ бар.
8. Гүлжан ................................................ .
9. Қайсар мен Гүлдара Мұраттың ................................................ .
10. Мұрат ................................................ жаста.

### 4-тапсырма.
### Полилогты тыңдаңыз.



### Сұрақтарға жауап беріңіз.

Рамазанның анасының аты кім?

Әкесінің есімі кім?

Рамазаның ата-анасы кімдер?

Рамазанның інісі бар ма?

Окан нешінші курста оқиды?

Дана кім?

Ол нешінші сыныпта оқиды?

Оканның неше қарындасы, бауыры бар?

**5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

Менің атым – Нұрбек. Анамның есімі – Сая. Әкемнің есімі Болат. Әкем – дәрігер, анам үй шаруасында. Бір қарындасым бар. Есімі – Айгүл. Ол қырық бес жаста. Інім Берік – адвокат. Ол үйленген. Әйелінің есімі – Райгүл. Олардың үш баласы бар. Жиендерімнің есімі: Әли, Асқар, Жанар. Отбасымды жақсы көремін.






*Нұрбектің анасы*




...............................




...............................




...............................
...............................




...............................




...............................

### 6-тапсырма. «Сіз кімсіз?» Толтырыңыз.

Сәлем. Менің атым ................................ . Менің тегім .................................. . Мен ............................. . Әкемнің аты ............................. . Ол ................. жаста. Анамның аты ............................. . Менің ............................. бауырым бар. Ол (Олар) .................. ........................ . Менің ............................. бар. Олар ............................................. .

### 7-тапсырма. Толтырыңыз.




1. Еркін мен Салтанат – Ғалымның ата-анасы.
2. Томирис Алинұр, Нұржан, Ержан – Ғалымның жиендері.
3. Жанар, Анар, Асқар Еркін мен Салтанаттың балалары.
4. Марат – Жанардың күйеуі.
5. Нұржан мен Ержан – Еркін мен Салтанаттың немерелері, Асқар мен Мәриямның балалары.
6. Мәриям – Асқардың әйелі, Салтанаттың келіні, Жанардың келіні, Анардың жеңгесі.
7. Мадияр – Ғалымның жездесі, Еркін мен Салтанаттың күйеу баласы.
8. Марат пен Мадияр – бажа.
9. Салтанат – Мәриямның (қайын)енесі.
10. Еркін – Мадиярдың қайын атасы.
11. Томирис пен Алинұр – Жанар мен Мараттың балалары.

**Жоғарыда көрсетілген сызба бойынша өз отбасы мүшелерін толтырыңыз.**

**8-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және транскрипцияға назар аударыңыз.**

Менің атым – Айгүл. Мен он сегіз жастамын. Еуразия ұлттық университетінің студентімін. Астана қаласында тұрамын. Менің отбасым үлкен. Әкемнің аты – Жандос, ол қырық бес жаста. Өзінің фирмасы бар. Анам – Гүлжан қырық жаста. Ол – мұғалім. Інімнің аты – Батыр. Сіңлімінің есімі – Жайна. Олар мектепте оқиды. Атам мен әжем ауылда. Мен отбасымды жақсы көремін.



Meniñ atım – Aygül. Men on segiz jastamın. Evraziya ulttıq universiteti studentimin. Astana qalasında turamın. Meniñ otbasım ülken. Äkemniñ atı – Jandos, ol qırıq bes jasta. Öziniñ firması bar. Anam Gülcan qırıq jasta. Ol – muğalim. İnimniñ atı – Batır. Siñlimniñ esimi – Jayna. Olar mektepte oqıydı. Atam men äjem auılda. Men otbasımdı süyemin.

**9-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**



Сәлеметсің бе, Айше! Бүгінгі хатымда саған өзімнің отбасымды таныстыра кетейін. Біздің отбасымыз өте үлкен. Біз алты ағайындымыз. Менің әпкелерім, ағам, інім және сіңлім бар. Әке-шешемнің жасы сексеннен асты. Әпкелерім мен жездelерім, ағам мен жеңгем тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олар балалы-шағалы, немере сүйіп отыр. Інім де үйленген, келінім екеуі Еуропада тұрып жатыр. Сіңлім де тұрмыс құрған, күйеу бала екеуі Астанада университетте жұмыс істейді.

Айше, сен де маған өзіңнің отбасың және туыстарың туралы хат жаз. Амандықпен жүздесейік. Қош-сау бол!

Сәлеммен,
Әмина.

**Өзіңіздің отбасыңызды таныстырып хат жазыңыз.**

**10-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Азамат мырза – мұғалім. Екі баланың әкесі. Әйелі Айнұр – кітапханашы. Қызы Раушан – студент. Ұлы Рахат – полиция қызметкері. Олар Қызылордада тұрады. Үш немересі де балабақшаға барады. Олар – Аяулым, Ұлпан, Жігер.

| Тұжырымдар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Азамат пен Айнұр үйленген. | | |
| Аяулым – Азаматтың қызы. | | |
| Олар Алматыда тұрады. | | |
| Аяулым, Ұлпан, Жігер – Раушанның жиендері. | | |
| Раушан мен Рахаттың анасы – Айнұр. | | |
| Ұлпанның әкесі – Азамат. | | |
| Раушан – Рахаттың бауыры. | | |
| Жігер – Азамат пен Айнұрдың немересі. | | |

**Бұйрық рай. Emir Kipi.**

**Бұйрық рай**

(Мен) fiil kökü + -айын/-ейін/-йын/-йін

(Сен) fiil kökü

(Сіз) fiil kökü + -ыңыз/-іңіз/-ңыз/-ңіз

(Ол) fiil kökü + -сын/-сін

(Біз) fiil kökü + -айық/-ейік/-йық/-йік

(Сендер) fiil kökü + -ыңдар-/іңдер/-ңдар/-ңдер

(Сіздер) fiil kökü + ыңыздар/-іңіздер/-ңыздар/-ңіздер

(Олар) fiil kökü + -сын/-сін

***Мысалы:***

(Мен) Сабақты бастайын.
(Сен) Тақтаға шық!
(Сіз) Сұраққа жауап беріңіз.
(Ол) Үйде қалсын.
(Біз) Анкараға барайық.
(Сендер) Тыныш отырыңдар!
(Сіздер) Ғимараттан шығыңыздар!
(Олар) Мұғалімге айтсын.

(Мен) Үйде күтейін.
(Сен) Бізге кел.
(Сіз) Өлең айтыңыз.
(Ол) Алматыға келсін.
(Біз) Дәрісханада күтейік.
(Сендер) Сабаққа жақсы дайындалыңдар.
(Сіздер) Шындықты айтыңыздар.
(Олар) Тамақ дайындасын.

**11-тапсырма. Диалогтарды оқыңыз.
Диалогтардағы бұйрық райдың астын сызыңыз.**



- Сәлем, Аян!
- Сәлем, ағатай!
- Кешке не істейсің?
- Ешқандай жоспарым жоқ.
- Онда кешке бізге кел, фильм көрейік.
- Жақсы, келейін.





- Алло, анашым!
- Алло, қызым, қалың қалай?
- Жақсы, анашым. Мен сабақтан шықтым.
  Үйге не ала келейін?
- Бір нан ала сал, қызым.
- Жарайды, анашым. Көріскенше!
- Байқап жүр, балам.



**12-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| Хат | шық |
| Далаға | берсін |
| Музыка | жу |
| Кітап | жаз |
| Театрға | қайтайын |
| Хабарын | оқы |
| Қолыңды | барыңыз |
| Үйге | тыңдайық |

*Мақал-мәтелдер*

"Отан отбасынан басталады."

*Мақал-мәтелдер*

"Ағайын тату болса,
ат көп,
Абысын тату болса,
ас көп."

**Ақан Серінің "Балқадиша" әнін тыңдаңыз.**



# ДӘРІС 4
# DERS 4

## МЕНІҢ ҮЙІМ

## BENİM EVİM

# МЕНІҢ ҮЙІМ
# BENİM EVİM

1-тапсырма. Полилогты тыңдаңыз.



**Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Елдостың достары қай жақтан?
Елдостың үйі неше бөлмелі?
Қай қабатта орналасқан ?
Дәліздің сол жағында қай бөлме бар?
Дәлізден түзу жүргенде қай бөлме бар?
Елдостың бөлмесі дәліздің қай жағында?

**2-тапсырма. Полилогты қайта тыңдап, бұйрық райда тұрған етістіктерді үлгі бойынша жазыңыз.**

***Үлгі:*** *келіңдер – сендер келіңдер (2ж., көпше түрі)*

.................................................................... ....................................................................
.................................................................... ....................................................................
.................................................................... ....................................................................
.................................................................... ....................................................................
.................................................................... ....................................................................
.................................................................... ....................................................................

| | |
|---|---|
| Үй | Жатар бөлме, жатын бөлме, ұйықтауға арналған бөлме |
| Бөлме | Қонақ бөлме |
| Зал | Кабинет |
| Асүй, ас бөлме | Дәліз |
| Балалар бөлмесі | |

# МЕНІҢ ҮЙІМ
# BENİM EVİM

Балкон
Кіреберіс
Үш қабатты үй
2-қабат
Ғимарат
Төр
Дәретхана
Ванна, жуынатын бөлме
Монша
Қабырға
Терезе
Есік
Босаға
Кресло
Диван
Шкаф
Үстел
Орындық
Кілем
Алаша
Перде
Тоңазытқыш
Киім ілгіш
Пәтер
Аспашам

**3-тапсырма. Тыңдаңыз.**



**4-тапсырма.**
**Сәйкестендіріп жазыңыз.**



..................................................................................



..................................................................................



..............................................................................



..............................................................................



..............................................................................



..............................................................................



..............................................................................

**Жатыс септік: Қайда?**
***-да;-де; -та; -те***

Далада орындық тұр.
Үйде қонақтар бар.
Бақшада ит жоқ.
Көшеде ағаштар бар.
Көкте жұлдыз бар.
Ағашта жапырақ жоқ.

**5-тапсырма.**
**Тыңдаңыз және қайталаңыз.**



# МЕНІҢ ҮЙІМ
## BENİM EVİM

**Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Бұл кімнің үйі?
Қарлығаш қайда тұрады?
Қарлығаштың үйі қайда орналасқан?
Ол қандай үй?
Қарлығаштың пәтері нешінші қабатта?
Пәтер неше бөлмелі?
Асүйде нелер бар?
Қонақ бөлмесінде нелер бар?
Жатын бөлмеде нелер бар?
Дәлізде не бар?

**6-тапсырма. Бөлмеде қандай жиһаздар бар?**



..................................................
..................................................
..................................................
..................................................



......................................................................
......................................................................



......................................................................
......................................................................

Үйде нелер бар?







1. орындық
2. үстел
3 кілем
4. кітап сөресі
5. айна
6. перде
7. теледидар
8. асүй жиһазы
9. пеш
10. төсек



# МЕНІҢ ҮЙІМ
## BENİM EVİM

**Жоғарыда көрсетілген сурет бойынша жауап жазыңыз.**

| Бар | Жоқ |
|---|---|
| Ас бөлмеде .......................... бар. | Ас бөлмеде .......................... жоқ |
| Жатын бөлмесінде .......................... бар. | Жатын бөлмесінде .......................... жоқ. |
| Қонақ бөлмесінде .......................... бар. | Қонақ бөлмесінде .......................... жоқ |

**7-тапсырма. Қайда? Қайда не орналасқан? Сәйкестендіріңіз.**





**8-тапсырма. «Менің үйім». Бөлмеңіз туралы қысқаша жазыңыз.**

Менің үйім үлкен. Үйімде .................. бөлме бар. Олар: ..........................................
............................................................................................................................ бөлмелері.
Жатын бөлмемде ..............................................................................................................
......................................................... бар. Ас бөлмесінде .............................................................
................................................................................................................... бар. Қонақ бөлмесінде
....................................................................................................................................... бар.

**9-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**



ҚАЙДА?



.......................................
.......................................



ҚАЙДА?




.......................................
.......................................



ҚАЙДА?



.......................................
.......................................



ҚАЙДА?



.......................................
.......................................

# МЕНІҢ ҮЙІМ
# BENİM EVİM

**1-тапсырма. Диалогты оқыңыз. Досыңызбен екеуара диалог құрып, сөйлесіңіз.**

- Кешіріңіз, Ұлттық кітапханаға қалай баруға болады, айтып жіберіңізші?
- Мекенжайын білесіз бе?
- Абай даңғылы, 14.
- Осы көшеден тіке жүретін автобусқа мініп, үш аялдамадан кейін түсесіз. Алдыңызда кітапхананы көресіз.
- Көп рақмет!
- Оқасы жоқ.




Мектептің оң жағында пошта бар.

Мектептің сол жағында үй бар.

Мектептің қарама-қарсы жағында банк бар.

Банктің жанында дүкен бар.

Поштаның алдында ағаш бар.

Поштаның артында дүкен бар.

| | |
|---|---|
| Оң жағында | Сол жағында |
| Қарама-қарсы жағында | Жанында |
| Алдында | Артында |
| Кейін | Дейін |
| Бұрын | Соң |

**2-тапсырма. Мекенжай. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз.**




1. Әселдің үйі ........................................................... орналасқан.

2. Үйінің жанында ........................................................... бар.

3. Абай даңғылы ........................................................... даңғылынан кейін орналасқан.

4. Әселдің үйіне ........................................................... баруға болады.

5. Мұз айдыны Әселдің үйіне ........................................................... орналасқан.

# МЕНІҢ ҮЙІМ
# BENİM EVİM

**3-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және қайталаңыз.**



**4-тапсырма. Сөздер мен тіркестерді қолданып сөйлем құраңыз.**

Оң жақта ............................................................
Оңға ............................................................
Сол жақта ............................................................
Солға ............................................................
Қарама-қарсы жақта ............................................................
Қарама-қарсысында ............................................................
Үйдің алдында ............................................................
Үйдің артында ............................................................
Үйдің жанында ............................................................
Үйдің қарама-қарсысында ............................................................

**5-тапсырма. «Менің мекенжайым». Төмендегі сөздер мен тіркестерді қолдану арқылы мекенжайыңызды жазыңыз.**

Көшесі • даңғыл • пәтер • аудан • шағын аудан • көшесінен кейін • тұрағынан бұрын орналасқан • қабат • орталық • автобус • жаяу • көлік • оң жақ • сол жақ.

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

..........................................................................................................................................

**6-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**
**Көп нүктенің орына қажет сөздерді қойыңыз.**

Бәйтерек – Астананың ең әдемі ғимараты. Сондай-ақ, Бәйтерек – Астананың символына айналған ең көрнекті жерлердің бірі. Биіктігі 97 метр. Есіл өзенінің ............................................................ орналасқан. Монумент 1997 жылы салынған. Бәйтеректің ...................................................... тұрғын үй кешендері орналасқан. Бәйтеректің ...................................................... кітапхана бар. ...................................................... Қорғаныс министрлігі орналасқан. Бәйтерек – Астананың халық көп баратын орны.

***Керек сөздер:*** *қарама-қарсы жағында, оң жағында, сол жағында, сол жағалауында.*



## Сұрақтарға жауап беріңіз.



- Бәйтеректің биіктігі неше метр?
- Бәйтерек қай жылы салынған?
- Бәйтерек қайда орналасқан?
- Бәйтеректің оң жағында не бар?
- Бәйтеректің сол жағында не бар?
- Бәйтеректің қарама-қарсы жағында не бар?

**Барыс септік: кімге? неге? қайда**
***-ға, -ге, -қа, -ке***

***-ға, -ге, -қа, -ке***
***қалай баруға болады?***

***Мысалы:***

| | |
|---|---|
| қалаға | саябаққа |
| үйге | университетке |

## 7-тапсырма. Диалогтарды оқыңыз.

- Кешіріңіз, №2 ауруханаға қалай баруға болады, айтып жіберіңізші.
- Әлбетте. Осы көшемен түзу жүріңіз, келесі көшеден солға бұрыласыз.
- Көп рақмет!
- Оқасы жоқ.

- Кешіріңіз, Мағжан Жұмабай көшесі, 87-үйге қалай баруға болады екен?
- Қай көшемен қиылысады?
- Мақатаев көшесімен.
- Осы жерден 10-автобусқа мініп, екі аялдамадан кейін түсесіз.
- Рақмет!
- Сау болыңыз!

**8-тапсырма. Көрсетілген карта бойынша мекенжайды жазыңыз.**




- Қиылыс
- Тіке
- Оң
- Сол
- Оңға бұрылу
- Солға бұрылу
- Артқа
- Алдыға
- Міну, отыру
- Түсу
- Жаяу жүру/бару
- Аялдама
- Билет
- Жол ақысы

## ТҮСТЕР. RENKLER.

- Ақ
- Қара
- Көк
- Жасыл
- Қызыл
- Қызғылт
- Сары
- Сарғыш
- Қоңыр

- Сұр
- Күлгін
- Тоқсары
- Көгілдір
- Қою көк
- Күрең
- Ашық ... (жасыл)
- Қою ... (жасыл)

- Ақ қағаз
- Көк аспан
- Сары дала
- Жасыл орман
- Көк көйлек
- Қызыл гүлдер
- Сұр аяқкиім
- Қара көз

**9-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**



Қызыл    Қоңыр    Көк    Сары    Қара    Жасыл    Күлгін

**10-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**



**Ақ көйлек**

**Күлгін машина**

**Қара көз**

**Сары шаш**

**Қоңыр аяқкиім**

**Қара шаш**

**Қызыл сөмке**

**Көк көз**



**Сіз қай түстерді жақсы көресіз?**

**11-тапсырма. Оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**





## *Менің достарым.*

Менің атым – Жәмила.

Менің достарым өте көп. Олар әлемнің түкпір-түкпірінен. Украиналық досым – Наталья. Сары шашты, көк көз, ұзын бойлы сұлу қыз. Ол қызыл түсті жақсы көреді. Суретте менің оң жағымда.

Сол жағымда күлгін жейде киген досым – Мэйсон. Қара шашты, қой көз, ұзын бойлы жігіт. Ол – америкалық.

Натальяның оң жағында отырған досымыз – Батсайхан. Қоңыр шашты, қара көз, аласа бойлы моңғолиялық досымыз.

- Жәмиланың шашының түсі қандай?
- Жәмиланың көзінің түсі?
- Жәмиланың жейдесінің түсі ше?
- Жәмиланың бойы қандай?

# МЕНІҢ ҮЙІМ
# BENİM EVİM

**Есімдерін жазыңыз.**



................................ ................................ ................................

**12-тапсырма. Төменде берілген сөздерді қолданып ең жақын досыңызды сипаттаңыз.**

Шашы ұзын/қысқа • шашы сары/қара/қоңыр • көк көз /қой көз/қара көз • бойы ұзын/аласа.

## ЖАҢЫЛТПАШ

Ала-ала алашалар,
Тамаша олар,
Оған кім таласа алар?
Алашаларды
Таба алса, алар.

## ЖҰМБАҚ

Төбедегі көзінен,
Күн сәулесі түседі.
Бұрышы жоқ төрінен,
Самал еркін еседі.

*Киіз үй*

**Тыңдаңыз: Халық әні “Балапан қаз”.**

# ДӘРІС 5 DERS

## КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР

## GÜNLÜK HAYAT

5 ДӘРІС
DERS
5.1

# КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР
## GÜNLÜK HAYAT



**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Менің есімім – Лейла. Мен 3-курс студентімін. Әдетте таңертең сағат 8-де тұрамын. Беті-қолымды жуамын, тісімді тазалаймын. Душқа түсемін. Дене күтіміме, тазалыққа уақыт бөлемін. Таңғы аста бір жұмыртқа, ірімшік, сары май, зәйтүн, аздап нан жеп, шай ішемін. Содан кейін университетке барамын. Сабаққа қатысамын. Сабақ арасында кофе ішемін. Сабақтарымды мұқият тыңдаймын. Түскі асты университеттің асханасында жолдастарыммен ішемін. Түстен кейін сабағым болмаса, кітапханада сабақтарыма дайындаламын, кітап оқимын. Уақытымды босқа өткізбеймін. Кешкі аста жеңіл тамақтануға тырысамын. Үйге қайтқаннан кейін музыка тыңдаймын, кітап оқимын. Досыммен телефонмен сөйлесемін. Түнде жатардан бұрын тісімді тазалаймын, бетімді арнайы жуғышпен жуамын. Ұйықтардан бұрын міндетті түрде кітап оқимын.

**Ауыспалы осы шақ: Күнделікті дағдылы болып жатқан іс-қимылды білдіреді.**
**Көсемше тұлғалы ( *-а, -е, -й* ) етістікке жіктік жалғауы жалғанады.**

| | | |
|---|---|---|
| Мен | | мын / мін |
| Сен | | сың / сің |
| Сіз | **Fiil kökü + а / е / й** | сыз / сіз |
| Ол | | ды / ді |
| Біз | (*sesli uyumuna göre + a veya +e, mastar eki atılınca sesli ile biterse +й*) | мыз / міз |
| Сендер | | сыңдар / сіңдер |
| Сіздер | | сыздар / сіздер |
| Олар | | ды / ді |

| **Бару** | **Келу** | **Шөлдеу** |
|---|---|---|
| Мен барамын | Мен келемін | Мен шөлдеймін |
| Сен барасың | Сен келесің | Сен шөлдейсің |
| Сіз барасыз | Сіз келесіз | Сіз шөлдейсіз |
| Ол барады | Ол келеді | Ол шөлдейді |
| Біз барамыз | Біз келеміз | Біз шөлдейміз |
| Сендер барасыңдар | Сендер келесіңдер | Сендер шөлдейсіңдер |
| Сіздер барасыздар | Сіздер келесіздер | Сіздер шөлдейсіздер |
| Олар барады | Олар келеді | Олар шөлдейді |

### Ауыспалы осы шақ. Болымсыз түрі.
### Olumsuz geniş zaman.
***-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мен | | ***-ма-й,*** | | мын / мін |
| Сен | | ***-ме-й,*** | | сың / сің |
| Сіз | | | | сыз / сіз |
| Ол | **Fiil kökü +** | ***-ба-й,*** | + | ды / ді |
| Біз | | ***-бе-й,*** | | мыз / міз |
| Сендер | | ***-па-й,*** | | сыңдар / сіңдер |
| Сіздер | | | | сыздар / сіздер |
| Олар | | ***-пе-й*** | | ды / ді |

(*ses uyumuna göre çekim yapılır*)

***Мысалы:***

| | | |
|---|---|---|
| Мен бармаймын | Мен жазбаймын | Мен айтпаймын |
| Сен бармайсың | Сен жазбайсың | Сен айтпайсың |
| Сіз бармайсыз | Сіз жазбайсыз | Сіз айтпайсыз |
| Ол бармайды | Ол жазбайды | Ол айтпайды |
| Біз бармаймыз | Біз жазбаймыз | Біз айтпаймыз |
| Сендер бармайсыңдар | Сендер жазбайсыңдар | Сендер айтпайсыңдар |
| Сіздер бармайсыздар | Сіздер жазбайсыздар | Сіздер айтпайсыздар |
| Олар бармайды | Олар жазбайды | Олар айтпайды |

**Aşağıdaki gibi zaman ve sıklık bildiren sözcükler varsa genelde geniş zaman kullanılır:**

- ылғи, әрдайым, әрқашан, үнемі
- әдетте, жиі, кейде, сирек, ешқашан
- күнде, жылда, күн/апта/ай/жыл сайын, әр күні, әр аптада, әр ай, сенбі сайын, т.с.с.

**2-тапсырма. Тыңдаңыз, ауыспалы осы шақты жасауға қатысып тұрған сөздерді жазып алыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Мен **күнде** таңертең сағат 8-де **тұрамын**. Сіз ше? **Әдетте** нешеде **тұрасыз**?

..................................................................................................................................................

**Жылда** жазда Түркияда **демаламын**. Ал сіз **жыл сайын** қайда демаласыз?

..................................................................................................................................................

Әр сенбі сайын түрік тілі сабағына барамын. Сіз апта сайын қайда барасыз?

..................................................................................................................................................

Мен ай сайын ауылға ата-әжеме барып тұрамын. Сіз ай сайын кімге барып тұрасыз?

..................................................................................................................................................

**Кейде** мен жексенбі күні жұмысқа **шығамын**. Сіз **жексенбі сайын** не **істейсіз**?

..................................................................................................................................................

Мен **үнемі** спортпен **айналысамын**. Сіз де **үнемі айналысасыз** ба?

..................................................................................................................................................

Мен **ешқашан** жұмысқа **кешікпеймін**. Ал сіз ше?

..................................................................................................................................................

**3-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Ауыспалы осы шақтағы етістіктердің астын сызыңыз.**

Менің атым – Арман. Мен күнде таңғы 6-да тұрамын. Беті-қолымды, тісімді жуып, душқа түсемін. Алдымен 15 минут жаттығу жасаймын, содан кейін спорттық киімдерімді киіп, далаға шығып, жарты сағат жүгіремін. Алғашқыда ақырын жүгіріп, одан кейін жылдам жүгіре бастаймын. Таңертеңгі асты ішкеннен кейін жұмысқа жиналамын. Жұмысқа қоғамдық көлікпен барамын. Жұмыстан соң үйге жаяу қайтамын. Кейде кешке достарыммен уақыт өткіземін. Түнде ерте ұйықтаймын, өйткені ерте жатып ұйықтау – денсаулыққа пайдалы.

**4-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру арқылы «Менің бір күнім» атты күн тәртібіңізді жазыңыз.**

• Сіз таңертең нешеде ұйқыдан тұрасыз?

..........................................................................................

• Таңғы жаттығу жасайсыз ба?

..........................................................................................

• Таңғы ас ішесіз бе?

..........................................................................................

• Таңғы аста не жейсіз/ішесіз?

..........................................................................................

• Таңғы серуенге шығасыз ба?

..........................................................................................

• Жұмысқа/сабаққа барасыз ба?

..........................................................................................

• Жұмыстан/сабақтан қаншада қайтасыз?

..........................................................................................



• Кешкі асты қаншада ішесіз?

..........................................................................................

• Кітап оқисыз ба?

..........................................................................................

• Ұйқыдан бұрын душқа түсесіз бе/шомыласыз ба?

..........................................................................................

• Сағат нешеде ұйықтайсыз? Қанша сағат ұйықтайсыз?

..........................................................................................

# КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР
# GÜNLÜK HAYAT

**5-тапсырма. Жасұланның апталық күн тәртібі. Суретке қарап Жасұланның күн тәртібін баяндаңыз.**

1-күн.



2-күн.



3-күн.



4-күн.



5-күн.



6-күн.



7-күн.



**6-тапсырма. Апталық күн тәртібіңізді құрыңыз.**

Дүйсенбі ..........................................................................................................

Сейсенбі ..........................................................................................................

Сәрсенбі ..........................................................................................................

Бейсенбі ..........................................................................................................

Жұма ..........................................................................................................

Сенбі ..........................................................................................................

Жексенбі ..........................................................................................................

**7-тапсырма. Сурет бойынша Майра мен Жеңістің күн тәртібін құрыңыз.**








**8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз. Салыстырыңыз.**

- Кім ерте ұйықтайды?
- Кім ерте тұрады?
- Кім жұмысқа жаяу барады?
- Кім кітап оқиды?
- Кім жұмыстан кеш келеді?
- Кім күн тәртібін қатаң қадағалайды?

### САҒАТ НЕШЕ?



Сағат бір



Сағат тоғыз жарым



Сағат үштен жиырма минут кетті



Сағат төртке он бес минут қалды

### 1-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.



| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Сағат он бір | Алтыдан он минут кетті | Сағат кешкі жеті | Сағат төртке он минут бар | Сағат он жарым |

**2-тапсырма. Төменде көрсетілген уақытты жазыңыз.**



.................................................... .................................................... ....................................................

.................................................... .................................................... ....................................................

**3-тапсырма. Тыңдаңыз. Диалогтар бойынша жағдаят құрыңыз. Уақытты санмен жазыңыз.**









**4-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Айлин таңертең жетіде оянады. Таңғы асын ішіп, таза ауада серуендейді. Сағат тоғызда үйге келгеннен соң бөлмесін жинайды. Анасымен түскі ас даярлайды. Түскі астан соң үй тапсырмаларын орындайды. Сағат кешкі жетіде концертке барады. Сағат тоғызда концерттен шыққаннан соң анасымен кофе ішуге барады. Он бір жарымда ұйықтайды.

**Сұрақтар:**

1. Айлин концертке нешеде барады?
.........................................................................................

2. Айлин таңертең сағат қаншада ұйқыдан тұрады? .......................................
.........................................................................................

3. Айлин нешеде ұйықтайды?
.........................................................................................

4. Айлин таңғы асын ішкен соң не істейді? ..........................................................

**Қашан? Қай уақытта?**
**Сағат нешеде? Сағат қаншада?**

- Сәлем, Маржан! Қалың қалай?
- Сәлем, Мақсат! Жақсы, өзің ше?
- Жақсы, рақмет! Маған сенің көмегің керек еді.
- Әрине, қандай?
- Ертең анамның туған күні, соған сыйлық алуым керек. Таңдауға көмектесе аласың ба? Уақытың бола ма?
- Әлбетте, көмектесейін. Қашан барайық?
- Бүгін баруға қалай қарайсың? Қай уақытта қолың тиеді?
- Жақсы, барайық, бүгін түстен кейін, сабағым біткеннен кейін барсақ болады.
- Сабағың сағат нешеде бітеді?
- Сағат төртте бітеді. Анашың қандай сыйлықтарды ұнатады?
- Ол қолдан жасалған заттарды ұнатады.
- Керемет! Мен осындай ерекше заттарды сататын дүкенді білемін.
- Сағат қаншада кездесейік?
- Сағат бесте кездесейік пе?
- Келістік. Көп рақмет!
- Кездескенше!

## УАҚЫТ. ZAMAN.

| |
|---|
| Секунд |
| Минут |
| Сағат |
| Күн |
| Тәулік |
| Апта |
| Ай |
| Жыл |
| Ғасыр |

## АПТАНЫҢ КҮНДЕРІ. HAFTANIN GÜNLERİ.

| |
|---|
| Дүйсенбі |
| Сейсенбі |
| Сәрсенбі |
| Бейсенбі |
| Жұма |
| Сенбі |
| Жексенбі |

| |
|---|
| *Алдыңғы күн / алдыгүні* |
| *Кеше* |
| *Бүгін* |
| *Ертең* |
| *Бүрсігүні* |

**5-тапсырма. Апта күндерімен ауыспалы шақта сөйлем құрыңыз.**

***Үлгі:*** *Дүйсенбіде / дүйсенбі күні мен ерте тұрамын. Өйткені аптаның бірінші күні таңертең жиналыс болады.*

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

.............................................................................................

- Бүгін қай күн?
- Бүгін – жұма.
- Ертең қай күн?
- Ертең – сенбі. Бүрсігүні – жексенбі. Кеше бейсенбі еді. Алдыгүні сәрсенбі болатын. Дүйсенбі – аптаның алғашқы күні.

## АЙЛАР. AYLAR.

- Қаңтар
- Ақпан
- Наурыз
- Сәуір/көкек
- Мамыр
- Маусым
- Шілде
- Тамыз
- Қыркүйек
- Қазан
- Қараша
- Желтоқсан

## ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ. MEVSİMLER.

- Күз
- Қыс
- Көктем, жазғытұры
- Жаз

**6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздер мен қосымшаларды қойыңыз.**

............................ 1 қыркүйек! Бірінші қыркүйекте біз білім күнін мерекеле.......... . ............................ 30 тамыз болды. 30 тамызда Қазақстан конституциясы күнін ата................... . ............................ 2 қыркүйек сенбі. Қаламызда сенбі сайын әртүрлі шаралар өт.............. . ............................ 31 тамызда мектепке дайындалдық. ............................ демаламыз, өйткені жексенбі бол........... .

***Керек сөздер:*** *бүрсігүні, ертең, кеше, бүгін, алдыгүні.*

**7-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**Сізге ұнайтын жыл мезгілі туралы мәтін құраңыз.**

**Мәтіннен ауыспалы осы шақтағы етістіктерді табыңыз.**

Жылда төрт мезгіл бар: күз, қыс, көктем, жаз. Мен көктемді жақсы көремін. Өйткені көктемде күн жылынып, қарериді, құстар ән салады. Әсіресе сәуір, мамыр айларында ауа райы тамаша болады. Ағаштар мен шөптер көктейді. Қызыл, жасыл, сары гүлдер гүлдейді.

Наурыз айында барлық түркі халықтары жыл басы Наурызды тойлайды. Қазақтар Наурыз мерекесінде шапан, тақия, камзол киіп, бір-бірлеріне қонаққа барады.

Көктемде адамдар саябақтарда серуендейді. Мен де жылы күндері достарыммен серуендегенді жақсы көремін. Ал жаңбырлы күндері әдетте ешқайда бармаймын, кітап оқимын.

## 8-тапсырма. Сәйкестендіріп жазыңыз.

• Қаңтар • ақпан • наурыз • сәуір • мамыр • маусым
• шілде • тамыз • қыркүйек • қазан • қараша • желтоқсан.






## 9-тапсырма. Төмендегі мысалдарды оқыңыз.

Көктемде ағаштар бүр жарады. Ағаштар гүлдейді.

Жазда жеміс-жидек піседі.

Күзде жаңбыр жиі жауады. Ағаштардың жапырағы сарғаяды.

Қыста күн суытады. Қар жауады.

**• Өз сөйлемдеріңізді құрастырыңыз.**

## 10-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Минут | ☐ | ☐ | 60 минут |
| Сағат | ☐ | ☐ | 24 сағат |
| Апта | ☐ | ☐ | 7 күн |
| Тәулік | ☐ | ☐ | 100 жыл |
| Ай | ☐ | ☐ | 12 ай |
| Жыл | ☐ | ☐ | 30-31 (28/29) күн |
| Ғасыр | ☐ | ☐ | 60 секунд |

## 11-тапсырма. Оқыңыз. Уақытты көрсетіңіз.

**Дастан:** Сәлеметсіз бе!
**Кассир:** Сәлеметсіз бе! Қош келдіңіз!
**Дастан:** Қош көрдік. Түркістанға билет бар ма екен?
**Кассир:** Билет бар. Бүгін Түркістан бағытына үш жүрдек пойыз бар. Түсте, кешке және түнде. Сізге қай уақытқа керек?
**Дастан:** Уақытын айтасыз ба?
**Кассир:** Түскі сағат он екі қырық бесте, кешкі алты жарымда және түнгі тоғыз он бесте.
**Дастан:** Алматы мен Түркістан арасы қанша сағат?
**Кассир:** Пойызбен он сағат.
**Дастан:** Түскі пойызға төменгі орыннан бір билет бересіз бе?
**Кассир:** Құжатыңызды беріңіз... Міне, билетіңіз.
**Дастан:** Рақмет!
**Кассир:** Жолыңыз болсын!
**Дастан:** Рақмет!

**ЖАҢЫЛТПАШ**

Жақсы қайшы
Қайсы қайшы?

## Құрманғазының "Балбырауын" күйін тыңдаңыз.



# ДӘРІС 6 DERS

## ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА

## MAĞAZADA, PAZARDA

# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA

## 1-тапсырма. Оқыңыз.

Мен кеше үй тапсырмасын орындадым.
Сен кеше күні бойы ұйықтадың.
Сіз кеше көп кітап оқыдыңыз.
Ол конференцияда өте жақсы сөйледі.
Біз кеше тауда жақсы демалдық.
Сендер кеше саябақта көп жүрдіңдер ме?
Сіздер бүгін келдіңіздер ме?
Олар кеше достарымен киноға барды.

### Өткен шақ.
### Görülen Geçmiş Zaman.

**Етістік + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *жіктік жалғаулары***

**(Мен) Етістік + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *-м***
**(Сен) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *-ң***
**(Сіз) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *-ңыз/-ңіз***
**(Ол) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті***
**(Біз) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *-қ/-к***
**(Сендер) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *-ңдар/-ңдер***
**(Сіздер) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті* + *-ңыздар/-ңіздер***
**(Олар) + *-ды/ -ді/-ты/ -ті***

| | | |
|---|---|---|
| Мен | **Fiil kökü + -ды, -ді, -ты, -ті +** (*ses uyumuna göre çekim yapılır*) | м |
| Сен<br>Сіз | | ң<br>ңыз/ңіз |
| Ол | | - |
| Біз | | к/қ |
| Сендер<br>Сіздер | | ңдар / ңдер<br>ңыздар / ңіздер |
| Олар | | - |

***Мысалы:***

**Көр-ү**
Мен көрдім
Сен көрдің
Сіз көрдіңіз
Ол көрді
Біз көрдік
Сендер көрдіңдер
Сіздер көрдіңіздер
Олар көрді

# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA

**Aşağıdaki gibi geçmişten kesin bir zaman bildiren sözcükler varsa genelde görülen geçmiş zaman kullanılır:**

**кеше**
**өткенде**
**өткен жолы**
**былтыр**
**өткен жылы т.с.с.**

***Мысалы:***

Кеше жаңбыр жауды.

Өткенде қатты жел соқты.

Ол былтыр маған кітап сыйлады.

Мен онымен былтыр таныстым.

Өткен жылы Чанаккале қаласына саяхаттадық.

## Өткен шақ. Болымсыз түрі.
## Görülen Geçmiş Zaman. Olumsuz hali.

***-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* + *-ды, -ді***

<table>
<tr><td>Мен</td><td rowspan="6">Fiil kökü +</td><td rowspan="6">-ма -ды<br>-ме -ді<br>-ба -ды<br>-бе -ді<br>-па -ды<br>-пе -ді</td><td rowspan="6">+</td><td>-м</td></tr>
<tr><td>Сен<br>Сіз</td><td>-ң<br>-ңыз/ңіз</td></tr>
<tr><td>Ол</td><td>-</td></tr>
<tr><td>Біз</td><td>-к/-қ</td></tr>
<tr><td>Сендер<br>Сіздер</td><td>-ңдар / -ңдер<br>-ңыздар / -ңіздер</td></tr>
<tr><td>Олар</td><td>-</td></tr>
</table>

***Мысалы:***

Мен бармадым
Сен кірмедің
Сіз көрмедіңіз
Ол жазбады

Біз сезбедік
Сендер айтпадыңдар
Сіздер ілеспедіңіздер
Олар сұрамады

# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA

**2-тапсырма. Оқыңыз. Жазыңыз. Мәтіндегі етістіктің өткен шақтағы болымды тұлғасын болымсызға айналдырыңыз.**

*Құрметті күнделік! Бүгін жиырма тоғызыншы наурыз жексенбі. Бүгін сағат жетіде ұйқыдан тұрдым. Таңғы жаттығудан соң отбасыммен бірге жексенбілік таңғы ас іштік. Дастарқан басында әңгімелестік. Анама үй шаруасына көмектескеннен кейін әкеммен Есіл өзені бойында серуендедік. Мен әкеммен серуендегенді жақсы көремін. Ол маған Астана туралы қызықты деректер айтып береді. Серуеннен қайтар жолда сауда орталығына бардық. Әкем маған жаңа әдеби кітап алды. Үйге келген соң әкем мен анам кешкі асқа балық даярлады. Жексенбі күнін қатты жақсы көремін. Бүгінгі күнім осылай керемет өтті. Ертеңге дейін, күнделігім!*

**Жазыңыз.**

*Құрметті күнделік,*

**3-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, аудармасын сөздіктен қараңыз.**





# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA

**Қанша/неше?**



Рақмет! Алғыс айтамын;

Іске сәт!

Сау бол! Сау болыңыз!

Сау-сәлемет болыңыз!

Көріскенше!

Кешіріңіз, кешірерсіз!

Ас болсын! Асыңыз дәмді болсын!

Сізге қиын болмаса ...

Әлбетте, әрине

Оқасы жоқ

Өтінемін, мархабат;
-іңізші, -ыңызшы. Мысалы: көмектесіп жіберіңізші; өтінемін, көмектесіңізші.

Жолыңыз болсын! Сәт-сапар! Ақ жол, сәт-сапар тілеймін!

**5-тапсырма. Оқыңыз.**

- Қайырлы күн! Қош келдіңіз! Не іздедіңіз?
- Қош көрдік. Қарбыз алайын деп едім. Ең жақсысынан беріңізші.
- Біздің жемістеріміздің бәрі балғын, дәмді. Мына қарбызды алсаңыз болады, бүгін ғана келді.
- Бағасы қанша?
- Келісі 100 теңге.
- Жақсы, біреуін алайын. Ал жүзім қаншадан?
- Жасылы 650 теңге, қарасы 800 теңгеден.
- Маған екеуінен бір-бір келі өлшеп беріңізші. Мына алма неше теңге?
- 500 теңгеден.
- Бір келі алайын.
- Мінеки, тағы не аласыз?
- Рақмет, әзірше жетеді. Барлығы қанша теңге болды?
- Есептейін, 2450 теңге болды.
- Міне, ақшаны санап алыңыз.
- Сауда жасағаныңызға рақмет, тағы да келіңіз!
- Сау болыңыз!

- Сәлем, Анар!
- Сәлем, Ерсайын!
- Қайдан келе жатсың?
- Дүкеннен келе жатырмын.
- Дүкеннен не алдың?
- Ет, нан, күріш, май, сәбіз, пияз, тағы сол сияқты азық-түлік.
- Сөмкең ауыр сияқты ғой. Мен көмектесейін.
- Рақмет, Ерсайын!

**6-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз. Диалог бойынша екеуара сөйлесіңіз.**




**7-тапсырма. Жаңа сөздерді оқыңыз.**




Кг- килограмм

| | |
|---|---|
| Картоп | алма |
| пияз | алмұрт |
| сәбіз | өрік |
| қырыққабат | банан |
| асбұршақ | қауын |



сүт
жеміс шырыны
айран
күнбағыс майы

## КӨГӨНІСТЕР МЕН ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР.
## SEBZE, MEYVE.

Алма

Алмұрт

Жүзім

Шие

Анар

Қауын

Қарбыз

Шабдалы

Өрік

Бүлдірген

Таңқурай

Банан

Ананас

Апельсин

Мандарин

Манго

Қияр

Қызанақ

Қырыққабат

Картоп

Қызылша

Сәбіз

Пияз (қазақстанның кейбір жерлерінде жуа, сарымсақ деп те айтылады.)

Сарымсақ

Баклажан, баялды

**8-тапсырма. Базардан не аласыз? Жемістер мен көгөністерді жазыңыз.**










| Көгөніс | Жеміс |
| --- | --- |
| ............................................ | ............................................ |
| ............................................ | ............................................ |
| ............................................ | ............................................ |
| ............................................ | ............................................ |
| ............................................ | ............................................ |
| ............................................ | ............................................ |

## АЗЫҚ-ТҮЛІК.
## GIDA.

- Нан
- Тоқаш
- Күріш
- Май
- Өсімдік майы
- Қант
- Кәмпит
- Жұмыртқа
- Ет өнімдері
- Қойдың еті
- Сиырдың еті
- Жылқының еті
- Тауықтың еті
- Шұжық
- Бауыр
- Сүт өнімдері
- Сүт
- Ірімшік
- Сары май
- Айран
- Қымыз
- Шұбат



**9-тапсырма. Диалогты оқыңыз.**

## «Көкбазарда»

**Сатушы:** Балғын шие 250 теңге. Балғын шие!

**Сатып алушы:** 2 килограмм шие өлшеңізші! Түсіріп беріңізші.

**Сатушы:** Жақсы, сізге 230 теңге болсын. Басқа не аласыз?

**Сатып алушы:** Қарбызыңыз балғын ба?

**Сатушы:** Иә, иә. Балғын әрі тәтті қарбыз.

**Сатып алушы:** Қарбыз, 2 килограмм сәбіз, 1 килограмм қызылша беріңіз.

**Сатушы:** Барлығы 2500 теңге.

**Сатып алушы:** Картамен төлем бар ма екен?

**Сатушы:** Әрине.

# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA




**1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз.**

Еңлік онлайн-дүкеннен сауда жасағанды ұнатады. Онлайн-дүкен арзан әрі қолайлы. Маусымдық науқан, түрлі жеңілдіктер, онлайн төлем, үйге жеткізу қызметі бар. Ол бүгін онлайн-дүкеннен сауда жасады. Ұнатқан көйлегін 15% жеңілдікпен, әкесіне күртешені арзан бағамен алды. Тегін жеткізу қызметін пайдаланды.

**Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Онлайн-дүкеннің пайдасы қандай?
2. Еңлік 15% жеңілдікпен не алды?
3. Әкесіне не алды?
4. Алған заттары қалай жеткізілді?



**2-тапсырма. Суреттерге мұқият қараңыз. Жауап жазыңыз.**





.................................... .................................... ....................................





.................................... .................................... ....................................

**3-тапсырма. Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**




**1. Әлияның себетінде нелер бар?**

..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................



**2. Жанардың себетінде нелер бар?**

..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................
..............................................................................

**Таңғы ас үшін қажетті заттар тізімін жасаңыз.**



....................................................
....................................................
....................................................
....................................................
....................................................

# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA

**4-тапсырма. Диалогты оқыңыз. Толтырыңыз.**



**Айнаш:** Қалыңыз қалай, Шынар!
**Шынар:** Айнаш, сәлеметсіз бе! Жақсы, сіздің қалыңыз қалай?
**Айнаш:** Өте жақсы, рақмет! Наурыз мерекесіне қажетті заттар алу үшін дүкенге келдім. Наурыз көже дайындаймын.
**Шынар:** Наурыз көже үшін не алдыңыз?
**Айнаш:** 2 кг ет, 1 кг күріш, жарты килограмм бидай, 1 литр сүт, 1 қорап құрт, тұз алдым. Бауырсақ үшін 5 кг ұн мен жұмыртқа алдым.
**Шынар:** Мерекеге дайындық қызу. Наурыз құтты болсын!
**Айнаш:** Мереке құтты болсын! Көріскенше! Наурыз көжеге келіңіз!

## Айнаштың Наурызға дайындығы:

| Наурыз көже үшін: | Бауырсақ үшін: |
|---|---|
| 1. ........................................ | 1. ........................................ |
| 2. ........................................ | 2. ........................................ |
| 3. ........................................ | 3. ........................................ |
| 4. ........................................ | 4. ........................................ |
| 5. ........................................ | 5. ........................................ |

Айнаштың жалпы шығыны .............................. теңге.


1 кг- 2500 теңге


1 кг- 800 теңге


1 кг- 300 теңге



1 л. - 600 теңге


500 теңге



300 теңге



500 теңге


500 теңге

**5-тапсырма. Тыңдаңыз.**

**6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.**



Сатып алушы қайда келді?

Сатып алушы киімді кімге алады?

Оның баласы нешеде?

Сатып алушыға қандай киімдер қажет?

Көйлектің түсі қандай болу керек?

Қандай түсті белдемше мен жейде керек?

Аяқкиімдер қайда тұр?

**7-тапсырма. Интернет-дүкен. Балжан мен Дарханға киім-кешек тізімін жасаңыз.**



| **Балжан** | **Дархан** |
|---|---|
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |
| ............................................................ | ............................................................ |

# ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА
# MAĞAZADA, PAZARDA

**8-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз.**



**9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажет сөздерді қойыңыз.**

- Мына ..................... ..................... бар ма?
- ..................... ..................... қазір жоқ.
- Маған ..................... беріңізші.
- Бәрін ..................... ба?
- Иә, ..................... аламын.
- Жақсы, сізден қырық бір мың теңге. ............... ............... ақшамен ................. бе?
- Жоқ, картамен .....................
- QR кодпен де ..................... болады.
- Өте жақсы, солай ..................... .
- Мінеки, киімдеріңізді алыңыз. Өзі киіп, өзі тоздырсын!
- Көп рақмет! Сау болыңыз!
- Келіп ..................... !

**10-тапсырма. Оқыңыз.**

## САНАМАҚ (КИІМ-БҰЙЫМ)

Бір дегенім – бөрік,
Кисең, берді көрік.

Екі дегенім – етік,
Киер сәнді етіп.

Үш дегенім – ішік,
Теріден тігер пішіп.

Төрт дегенім – тымақ,
Қыста кисең, жылы-ақ.

Бес дегенім – байпақ,
Іші жылы: жайпақ.

Алты дегенім – алқа,
Мойныңа тақ, қалқа.

Жеті дегенім – жейде,
Көйлек деп жүр кейде.

Сегіз дегенім – сеңсең,
Жылысы тонның, сенсең.

Тоғыз дегенім – телпек,
Болма, бала, тентек.

Он дегенім – оймақ,
Жүрме босқа ойнап.

**ЖҰМБАҚ**

*Айдалада ақ отау,
Аузы-мұрны жоқ отау.*

*Жұмыртқа*

**ЖҰМБАҚ**

*Кішкене, ақ шыныда
екі түрлі су.*

*Жұмыртқа*

**Абай Құнанбайұлының "Көзімнің қарасы" әнін тыңдаңыз.**

# ДӘРІС 7 DERS



## МАМАНДЫҚТАР

## MESLEKLER

## 1-тапсырма. Оқыңыз.

Менің анам мен әкем – ұстаз. Олар мектепте балаларға сабақ береді.
Менің апам – дәрігер. Ол ауруханада науқастарды емдейді.
Менің жездем – заңгер. Ол азаматтардың құқықтарын қорғайды.
Менің ағам мен жеңгем – тіс дәрігері. Олар тіс емдейді.
Менің сіңлім – қаржыгер. Ол банкте жұмыс істейді.
Менің күйеу балам – кәсіпкер. Ол балаларға киім тігеді.
Менің інім – ұшқыш. Ол әуежайда жұмыс істейді.
Менің келінім – аспаз. Ол әртүрлі тағамдар пісіреді.
Менің көршім – сатушы. Ол дүкенде көгөніс, жеміс-жидек сатады.
Менің досым – көз дәрігері. Ол адамдардың көздерін емдейді.
Менің жиенім – құрылысшы. Ол жаңа ғимараттар салады.

**Ал сіздің отбасыңыздың мүшелері қандай кәсіппен айналысады?**
**Сіздің достарыңыздың мамандықтары қандай?**

### ҚАЛАУ РАЙ. İSTEK KİPİ.

(Менің) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + -м келеді
(Сенің) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + -ң келеді
(Сіздің ) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + -ңыз/-ңіз келеді
(Оның) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + -сы/-сі келеді
(Біздің) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + -мыз/-міз келеді
(Сендердің) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + лар/лер +-ың/-ің келеді
(Сіздердің) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + лар/лер +-ыңыз/-іңіз келеді
(Олардың) етістік+-ғы/-гі/-қы/-кі + -лар/лер + -ы/-і келеді

***Мысалы:***

Менің саяхаттағым келеді.
Сенің демалғың келеді.
Сіздің қазақ тілін үйренгіңіз келеді.
Оның үйге ерте қайтқысы келеді.

Біздің Испанияға барғымыз келеді.
Сендердің саябақта жүргілерің келеді.
Сіздердің концертке барғыларыңыз келеді.
Олардың  ағаш еккісі келеді.

**2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерді оқып, түрік тіліне аударыңыз.**

Менің түрік тілін үйренгім келеді. ..................................................
Менің сені көргім келеді. ..................................................
Менің қазақша сөйлегім келеді. ..................................................
Олардың табысты болғысы келеді. ..................................................
Сіздің жүзгіңіз келеді. ..................................................

**3-тапсырма. Оқыңыз.**

- Аружан, сенің өскенде кім болғың келеді?
- Мен өскенде дәрігер болғым келеді.
- Әлихан, сенің келешекте кім болғың келеді?
- Менің дәрігер болғым келеді.
- Айару, сен кім боласың?
- Менің дизайнер болғым келеді.

**4-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, аудармасын сөздіктен қараңыз.**

- Сәлем, Мағжан!
- Сәлем, Айша!
- Қалың қалай? Не жаңалық?
- Рақмет, бәрі жақсы, өзіңде ше?
- Менде де бәрі жақсы. Жақында тест тапсырамын. Сен ше? Қай мамандықта оқып жатырсың?
- Менің бала кезімнен тіс дәрігері болғым келеді. Сондықтан қазір стоматология факультетінде, 1-курста оқып жатырмын. Өзіңнің қай мамандықты таңдағың келеді?
- Қандай жақсы! Ал менің мұғалім болғым келеді. Балаларға сабақ бергім келеді.
- Керемет! Сәттілік тілеймін!
- Рақмет, Мағжан!
- Айша, саған да рақмет! Өзіңе де сәттілік тілеймін!
- Көріскенше!
- Көріскенше!

**Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Мағжан қай мамандықта оқиды?
Мағжан нешінші курста оқиды?
Айшаның кім болғысы келеді?

**6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Сипаттаңыз.**

Шаштараз не істейді?
Мұғалім не істейді?
Тігінші не істейді?
Сатушы не істейді?
Құрылысшы не істейді?

**7-тапсырма. Сіздің келешекте кім болғыңыз келеді? Күнделікке жазыңыз.**

.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................
.....................................................................

## МАМАНДЫҚТАР. MESLEKLER.

| | |
|---|---|
| Адвокат | Кәсіпкер, іскер |
| Актёр, актриса | Кітапханашы |
| Аспаз | Құрылысшы |
| Әскери қызметкер | Медбике |
| Банкир | Музыкант |
| Ветеринар | Мұғалім, ұстаз |
| Даяшы | Оқытушы |
| Дәрігер | Сатушы |
| Егінші/дикан | Сәулетші |
| Есепші | Спортшы |
| Жазушы | Суретші |
| Журналист | Тігінші |
| Жұмысшы | Тілмаш/ аудармашы |
| Жүргізуші | Тілші |
| Заңгер | Тіс дәрігері |
| Зейнеткер | Ұшқыш |
| Зергер | Үй шаруасында |
| Инженер | Шаштараз |
| Кассир | Экономист |

+ -лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті

# МАМАНДЫҚТАР
## MESLEKLER

**+лы, +лі, +ды, +ді; +ты, +ті**

Алмалы бақ
Тәрбиелі оқушы
Білімді маман
Дарынды суретші
Әдепті бала
Табысты кәсіпкер
Атақты әнші

**+сыз, +сіз**

Сусыз жер
Ақысыз оқу
Желсіз түн

**8-тапсырма. «Мен кіммін?» Оқыңыз. Жазыңыз.**



Базарда балғын жеміс-жидек, көгөніс сатамын.

..................................................................

..................................................................



Ғимараттардың дизайнын, жобасын жасаймын.

..................................................................

..................................................................



Адамдарды ұшақпен тасымалдаймын.

..................................................................

..................................................................



Шаш қиямын, бояймын.

..................................................................

..................................................................



Мектепте білім беремін.

..................................................................

..................................................................



Студенттерге дәріс оқимын.

..................................................................

..................................................................

**9-тапсырма. Мамандық атаулары. Берілген кілт сөздер арқылы сөзжұмбақты шешіңіз.**

3. 

1. Тамақ, ас
2. Мектеп, дәріс
4. Ақша, есеп
5. Би, сахна
6. Заң
7. Ет
8. Ұшақ
10. Театр, кино

9. 




**10-тапсырма. Белгілеңіз.**

| Тұжырымдар | Дұрыс | Бұрыс |
|---|---|---|
| Суретші сурет салады. | | |
| Полиция сабақ түсіндіреді. | | |
| Ұшқыш ұшақ жүргізеді. (басқарады) | | |
| Медбике шаш қияды. | | |
| Дәрігер емдейді. | | |
| Тігінші ас дайындайды. | | |
| Құрылысшы үй салады. | | |
| Өрт сөндіруші билейді. | | |
| Ғалым ғылыми зерттеу жасайды. | | |
| Фотограф суретке түсіреді. | | |

## 11-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

кітапхана............
сәулет............
оқу............
бас............
спорт............
есеп............
дәрі............
ғарыш............
тігін............
сату............
хат............

+ *-шы;*
+ *-ші;*
+ *-гер;*
+ *-кер*

сурет............
би............
жаттықтыру............
құрылыс............
тіл............
аударма............
жазу............
зейнет............
саясат............
заң............

## 12-тапсырма. Сәйкестендіріңіз. Жазыңыз.

 ☐

 ☐

 ☐

 ☐

 ☐

 ☐

☐ ине — *Тігіншінің инесі*........
........................................

☐ қалам ........................................
........................................

☐ қайшы ........................................
........................................

☐ қару ........................................
........................................

☐ микрофон ........................................
........................................

☐ автокөлік ........................................
........................................

**13-тапсырма. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**




**1. Оқушылардың армандаған мамандықтарын жазыңыз.**

Айнұр ..........................................................................

Майра ..........................................................................

Шыңғыс ..........................................................................

Дархан ..........................................................................

Арман ..........................................................................

**2. Айнұрдың ата-анасының мамандығы?**

**3. Шыңғыстың әкесінің мамандығы?**

7 ДӘРІС
DERS

# МАМАНДЫҚТАР
# MESLEKLER

## 14-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Суретте көрсетілген адамдардың мамандықтары қандай?
2. Олар не істейді?
3. Қайда жұмыс істейді?









## 15-тапсырма. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ахмет және оның достарының хоббиі?
2. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтында қызмет ететін досы кім?
3. Ахметтің музыкант досы кім?
4. Домбырашы досы қайда қызмет етеді?
5. Университетте кім жұмыс істейді?

**16-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

Нұрбек

Марат

Ахмет

Әділбек

Абзал


Аудармашы (Тілмаш)


Әскери қызметкер


Домбырашы


Археолог


Аға оқытушы

**Абай Құнанбайұлының "Желсіз түнде жарық ай" әнін тыңдаңыз.**



# ДӘРІС 8 DERS

## КӨЛІК. СӘТ САПАР!

## VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

## 1-тапсырма. Диалогты оқыңыз.

- Алло, кеш жарық, Мәриям!
- Алло, сәлем, Алма!
- Қалың қалай, жақсы ма?
- Иә, жақсы. Өз қалың қалай?
- Бәрі ойдағыдай! Жазда демалған жақсы. Алматының көрікті жерлерінде демалғым келеді. Осы демалыста менімен барасың ба?
- Керемет! Көлсайға барайық.
- Көлсайға қалай бара аламыз?
- Сен көлік жүргізе аласың ба ?
- Иә, мен көлік жүргізе аламын. Менің көлігіммен бара аламыз.
- Керемет! Ауа-райын қарап алу керек, күн жаңбырлы болуы мүмкін.
- Осы апта күн ыстық болады екен.
- Тамаша. Сенбі күні бара аламыз ба?
- Әрине, сенбі күні барайық.
- Жақсы, келістік, қайырлы түн!
- Қайырлы түн!

### «АЛУ» МОДАЛЬ ЕТІСТІГІ (КІМНІҢ НЕ ІСТЕЙ АЛАТЫНЫ/АЛМАЙТЫНЫ ТУРАЛЫ АЙТУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ ). YETERLİK FİİLİ.

***-а/-е/-й аламын/ алмаймын***

**етістік + *-а/-е аламын/ алмаймын (ses uyumuna göre)***

**етістік + *-й аламын/ алмаймын (fiil kökü sesli ile bitiyorsa)***

**Мысалы:**

Мен бар+***а*** аламын

Мен көр+***е*** аламын

Мен сөйле+***й*** аламын

# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

| + | – |
|---|---|
| Мен бара аламын. | Мен бара алмаймын |
| Сен бара аласың. | Сен бара алмайсың. |
| Сіз бара аласыз. | Сіз бара алмайсыз. |
| Ол бара алады. | Ол бара алмайды. |
| Біз бара аламыз. | Біз бара алмаймыз. |
| Сендер бара аласыңдар. | Сендер бара алмайсыңдар. |
| Сіздер бара аласыздар. | Сіздер бара алмайсыздар. |
| Олар бара алады. | Олар бара алмайды. |

**2-тапсырма. Жоғарыдағы мысалдарға қарап, төмендегі сөздерді жіктеңіздер.**

| | |
|---|---|
| Мен (жүру) ...................... аламын. | Мен (жүгіру) ...................... алмаймын. |
| Сен ...................... ...................... . | Сен ...................... ...................... . |
| Сіз ...................... ...................... . | Сіз ...................... ...................... . |
| Ол ...................... ...................... . | Ол ...................... ...................... . |
| Біз ...................... ...................... . | Біз ...................... ...................... . |
| Сендер ...................... ...................... . | Сендер ...................... ...................... . |
| Сіздер ...................... ...................... . | Сіздер ...................... ...................... . |
| Олар ...................... ...................... . | Олар ...................... ...................... . |

**3-тапсырма.Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.**

Сен өлең айта аласың ба?
Сен домбыра тарта аласың ба?
Сен футбол ойнай аласың ба?
Сен тамақ пісіре аласың ба?
Сен көлік жүргізе аласың ба?

# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

8 ДӘРІС
DERS

## КӨЛІК. VASITA.

- Автобус
- Троллейбус
- Трамвай
- Маршруттық такси
- Такси
- Ұшақ
- Машина
- Көлік
- Жаяу жүргінші
- Жолақы
- Әуежай
- Теміржол вокзалы
- Сапаржай, автовокзал
- Аялдама
- Қашан? Қай уақытта?
- Қалай?
- Қандай?
- Неге? Не үшін? Неліктен?
- Қайда?
- Қайдан?
- Кіммен?
- Немен?
- Қанша?/ Неше?
- Нешінші?
- Нешеде?
- Қай?/ Қайсы?

**Мысалдар:**

- Мен таңертең автобусқа отырдым. Содан кейін таксиге міндім.
- Мен трамваймен келдім. Сен қай автобуспен келдің?
- Мен 147- автобуспен келдім.
- Ал сен немен келдің?
- Мен троллейбуспен келдім.
- Сен қай троллейбуспен келдің?
- 7- троллейбуспен келдім.
- Ол немен келді?
- Ол жаяу келді.



# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

**4-тапсырма. Сурет бойынша сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| З | Т | Р | О | Л | Л | Е | Й | Б | У | С |
| С | Ұ | Ш | А | Қ | Е | Й | В | Х | В | Д |
| Ь | Т | Ш | Й | Г | П | Е | Е | Л | С | Ә |
| У | А | А | И | Б | М | П | А | Ч | Ө | Г |
| М | К | Г | В | Е | Я | З | О | Р | Е | Й |
| Х | С | Х | К | Т | К | К | О | Й | Е | Ә |
| Б | И | Ц | К | О | О | О | Ө | Я | Ы | Й |
| Ж | Щ | І | В | Қ | Р | Б | З | Л | П | З |
| Щ | М | К | Б | Т | Е | Я | У | Г | І | Ч |
| Т | Т | Ұ | Е | С | П | Ж | Ы | С | Ш | К |
| И | Г | М | З | Ә | У | Е | Ж | А | Й | Ч |
























## 5-тапсырма. Сәйкестендіріңіз. Жазыңыз.


..................................................................


..................................................................


..................................................................


..................................................................


..................................................................


..................................................................

## 6-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз.



8 ДӘРІС
DERS

# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

## 7-тапсырма. Тыңдаңыз.



## Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жайна қайда хабарласты?
2. Жайна қай бағытқа ұшады?
3. Таңертеңгі рейс сағат нешеде?
4. Түскі рейс сағат нешеде?
5. Кешкі рейс сағат нешеде?
6. Билеттерді қалай сатып алуға болады?
7. Әуе компаниясының кеңсесі қайда орналасқан?



# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

8 ДӘРІС
DERS

**8-тапсырма. Оқыңыз.**

## *Әсем қала – Алматы*

Алматы – Қазақстанның ең үлкен қаласы. Мұнда 2 миллионнан астам халық тұрады. Алматы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. Қаланың жалпы ауданы 682 $км^2$ құрайды.

Қалада қоғамдық көліктің барлық түрі бар: автобус, троллейбус, трамвай, метро. Алматы көшелерінде арнайы велосипед жолдары да жасалған. Алматыда бір халықаралық әуежай, 2 темір жол вокзалы бар.

Бүгінде Алматыда 131 автобус маршруттары жұмыс істейді. Алматы қаласындағы троллейбустер желісі 8 бағыттан тұрады. Олар қаланың батыс, шығыс және оңтүстік бөліктерін «Алматы-1» және «Алматы-2» теміржол вокзалдарымен байланыстырады.

Алматыда метро – қоғамдық көліктердің ең жаңа түрі. Метроның жалпы ұзындығы 8,6 км. Оның 7 стансасы бар.

Алматыда жол жүру ақысы – 150 теңге. Студенттер мен оқушыларға, зейнеткерлерге 50 пайыз жеңілдік қарастырылған.

**Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Алматы Қазақстанның қай жағында орналасқан?
2. Алматыда қоғамдық көліктердің қандай түрлері бар?
3. Алматыда қанша автобус маршруты бар?
4. Студенттердің жол ақысы қанша?
5. «Алматы-1» теміржол вокзалына қандай қоғамдық көлікпен баруға болады?



# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

**9-тапсырма. Билеттер туралы ақпарат беріңіз.**










**10-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| Билет | вокзалы |
| Қоғамдық | ақысы |
| Жол | жүргінші |
| Жаяу | көлік |
| Теміржол | сатып алу |
| Жол | ережесі |
| Күтіп | салу |
| Шығарып | алу |
| Такси | залы |
| Күту | шақыру |

# КӨЛІК. СӘТ САПАР!
# VASITA. İYİ YOLCULUKLAR!

8 ДӘРІС
DERS

## 11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз.




Тасымал түрі: ........................................................

Бағыты: ........................................................................

Тоқтап тұру уақыты: ............................................

Жолы: ....................................

## 12-тапсырма. Жазыңыз.

**Мен жиі қолданатын қоғамдық көлік түрі**

....................................................................................................................................................................

....................................................................................................................................................................

....................................................................................................................................................................

....................................................................................................................................................................

....................................................................................................................................................................

## 13-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойыңыз.

Жолақысын онлайн төле... аламын. Қазір хабарласа ал...мын, кешке хабарласамын. Измирге ұшақпен жет... аласыз. Домбырада ойна... ал...мын, бірақ үйреніп жүрмін. Бүгін түскі сағат бірде кездес... аламыз. Таксиді мобильдік қосымша арқылы шақырт... аласыз. Теміржол вокзалына 32 автобуспен бар... аласың.

**Димаш Құдайбергеннің орындауында "Самалтау" әнін тыңдаңыз.**

# ДӘРІС 9 DERS



## КІТАПХАНАДА

## KÜTÜPHANEDE

# КІТАПХАНАДА
# KÜTÜPHANEDE

9 ДӘРІС DERS

## 1-тапсырма. Диалогты оқыңыз.



- Сәлеметсіз бе! Кітапханаға бірінші рет келдім. Қалай тіркелсем болады?
- Сәлеметсіз бе! Тіркелу бөліміне барасыз.
- Тіркелу үшін қандай құжаттар қажет?
- Жеке куәлігіңіз ғана қажет.
- Кітапханаға неше жастан бастап тіркелуге болады?
- Кітапханаға 12 жастан бастап тіркелуге болады, туу туралы куәлігіңізбен келіп тіркеле аласыз.
- Кітапхана қай күндері, сағат нешеден нешеге дейін жұмыс істейді?
- Кітапхана күнделікті сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.
- Кітапқа қалай тапсырыс беруге болады?
- Тапсырыс беру үшін екінші қабатқа көтерілесіз.
- Рақмет!
- Оқасы жоқ.

## Сұрақтарға жауап беріңіз.

Кітапханаға қай жерде тіркелуге болады?
Кітапханаға тіркелу үшін қандай құжат керек?
Кітапханаға неше жастан бастап тіркеле алады?
Кітапхана қай күндері ашық?
Кітапхана нешеге дейін жұмыс істейді?
Кітапхана сенбі және жексенбі күндері де жұмыс істей ме?

кітапхана
кітапханашы
тіркеу
тіркелу
тапсырыс беру
құжат
туу туралы куәлік
жеке куәлік
оқырман
оқырман билеті
зал
әдебиет
қазақ әдебиеті
әлем әдебиеті
шетел әдебиеті
шығарма
газет
журнал
мерзімді басылым
қолжазба
сирек қорлар
әмбебап
көшірме
үзіліс
түскі үзіліс

## 2-тапсырма. Сөздерді дұрыс жазыңыз.




**2.1. 11-тапсырма. Тыңдаңыз, сәйкестендіріңіз. (18-бет)**

**Менің достарым.**

Менің студент достарым өте көп. Олар әр қаладан. Азат Түркістандық, Салтанат Ақтөбелік, Дәурен Семейден, Мехмет Анкарадан, Сағыныш Қызылордалық, Ғалымжан Оралдан, Ахмет Бакуден, Ефе Измирден.

**2.1. 12-тапсырма. Тыңдаңыз, сәйкестендіріңіз. (18-бет)**

1. Атым – Омар.
Ыстамбұлданмын.
Туған күнім 24.03.2005.
2-курс студентімін.

2. Атым – Әлия. Тегім – Берік.
Дәрігермін. Отыз бес жастамын.
Ақтаулықпын.

3. Атым – Дархан.
Оқытушымын.
Қырық жастамын.

# ТЫҢДАЛЫМ МАТЕРИАЛДАРЫ

**2.2. 1-тапсырма. Полилогты тыңдаңыз. Досыңызды таныстырыңыз. (19-бет)**

**Танысу**

- Сәлем, қалың қалай! Танысып қой! Бұл – менің Түркиялық досым. Оның аты – Омар.
- Сәлем Дидар! Қалайсың? Омар, танысқаныма қуаныштымын! Менің атым – Мәриям. Сен қай жақтансың?
- Мен де танысқаныма қуаныштымын! Мен Ыстамбұлданмын. Сен ше?
- Мен Алматылықпын. Қазақстанға қош келдің!
- Рақмет, қош көрдік!

**2.2. 6-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Мәтін мазмұны бойынша мазмұндама жазыңыз. (23-бет)**

**Дәрісхана**

Бұл – университет. Университетте көп дәрісханалар бар. Мынау – біздің дәрісханамыз. Дәрісханада: парталар, орындықтар, кітаптар, бір үстел, бір тақта бар. Үстелде екі дәптер, бір қалам және үш блокнот жатыр. Терезенің алдында гүлдер тұр.

**2.2. 7-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталап жазыңыз. (24-бет)**

0-нөл, 1-бір, 2-екі, 3-үш, 4-төрт, 5-бес, 6-алты, 7-жеті, 8-сегіз, 9-тоғыз, 10-он, 11-он бір, 12-он екі

20-жиырма, 30-отыз, 40-қырық, 50-елу, 60-алпыс, 70-жетпіс, 80-сексен, 90-тоқсан, 100-жүз.

200-екі жүз, 300- үш жүз, 400-төрт жүз, 500-бес жүз, 600-алты жүз, 700-жеті жүз, 800-сегіз жүз, 900-тоғыз жүз.

1000-мың, 2000-екі мың, 10 000-он мың, 1000 00-жүз мың, 1000000-бір миллион, 10000000-он миллион, 100000000-жүз миллион, 1000000000 – бір миллиард.

**2.2. 11-тапсырма. Сөйлемдерді тыңдаңыз және оқыңыз. (26-бет)**

Менің туған күнім үшінші **қаңтарда**.
Сенің туған күнің жиырма төртінші **ақпанда**.
Сіздің туған күніңіз отызыншы **наурызда**.
Оның туған күні он бесінші **сәуірде**.

Бүгін бірінші **мамыр**.
Ертең жетінші **маусым**.
Кеше он тоғызыншы **шілде** болды.
Бүрсігүні жиырма сегізінші **тамыз**.
Бірінші **қыркүйек** – Білім күні.
Жиырма бесінші **қазан** – Республика күні.
Сегізінші **қараша** күні атам келеді.
Он алтыншы **желтоқсан** – Тәуелсіздік күні.
Биыл екі мың жиырма үшінші жыл.

## 3 ДӘРІС / DERS — ОТБАСЫМ / AİLEM

**2-тапсырма. Тыңдаңыз. Қайталаңыз. (26-бет)**

ӘКЕ, АНА, АТА, ӘЖЕ, АПА, АҒА, ТӘТЕ, НАҒАШЫ, ҚАРЫНДАС, СІҢЛІ, БАУЫР, КҮЙЕУ, ӘЙЕЛ, ЖЕҢГЕ, КЕЛІН.

# ТЫҢДАЛЫМ МАТЕРИАЛДАРЫ

**4-тапсырма. Полилогты тыңдаңыз. (26-бет)**

**Рамазан:** Сәлем, қош келдің! Танысып қой, бұл – менің отбасым!

**Окан:** Сәлеметсіздер ме! Менің атым – Окан. Танысқаныма қуаныштымын!

**Анасы:** Сәлеметсің бе, біз де қуаныштымыз! Дастарханға кел!

**Окан:** Рақмет!

**Рамазан:** Окан, бұл – менің ата-анам. Анам – Раушан, әкем – Кәрім. Менің ата-анам – ұстаздар.

**Әкесі:** Окан, сен студентсің бе?

**Окан:** Иә, аға, студентпін.

**Әкесі:** Нешінші курста оқисың?

**Окан:** Үшінші курста.

**Рамазан:** Бұл – менің қарындасым, оның есімі – Дана. Ол жетінші сыныпта оқиды.

**Анасы:** Сенің бауырларың бар ма?

**Окан:** Әрине бар! Менің бір қарындасым, бір інім бар.

**Анасы:** Тамаша! Қане шай ішейік!

## 4 ДӘРІС / DERS — МЕНІҢ ҮЙІМ / BENİM EVİM

**4.1. 1-тапсырма. Полилогты тыңдаңыз. (38-бет)**

**№1**

**Елдос:** - Алло, анашым!

**Анасы:** - Алло, амансың ба, балам!

**Елдос:** - Анашым, біздің кафедраға Түркиядан студенттер келген екен. Кешке сабақтан кейін үйге шақырсам бола ма?

**Анасы:** - Әрине балам, үйге келіңдер. Мен тамақ дайындайын.

**№2**

**Елдос:** - Анашым, біз келдік!

**Қонақтар:** - Сәлеметсіз бе, апай!

**Анасы:** - Сәлеметсіңдер ме! Қош келдіңдер, балалар! Қане, төрлетіңдер!

**Қонақтар:**- Қош көрдік, апай!

**Анасы:** - Елдос, балам, жолдастарыңа жуынатын бөлмені көрсет.

**Елдос:** - Достар, жүріңдер, қолымызды жуайық. Жуынатын бөлме – анау дәліздің сол жағында.

**№3**

**Елдос:** - Достар, асүйге барайық. Сендерді анаммен таныстырайын. Анашым, бұл Сердар, экономика факультетінде оқиды. Ал Хазал мен Хилаль – түркolog. Олар қазақ тілі мен әдебиетін үйреніп жүр.

**Анасы:** - Танысқаныма қуаныштымын. Ұлымның достары – менің де балаларым.

**Сердар, Хазал, Хилаль:** - Біз де қуаныштымыз, апай. Бізді үйге шақырғаныңызға рақмет!

**№4**

**Елдос:** - Мен үйді көрсетейін.

Біздің үйіміз төрт бөлмелі, үшінші қабатта орналасқан. Дәлізден түзу жүрсек, қарындасымның бөлмесі бар. Ал мына оң жақтағы бөлме – менің бөлмем. Келіңдер.

**Анасы:** - Балалар, қане тамаққа келіңдер!

**4.1. 3-тапсырма. Тыңдаңыз. (40-бет)**

- Мынау сенің үйің бе?
- Иә, менің үйім. Бірге қарайық!
- Үйің неше бөлмелі?
- Төрт бөлмелі.
- Қандай бөлмелер бар?
- Асүй,  жатын бөлме, қонақ бөлмесі, жуынатын бөлме бар.

# ТЫҢДАЛЫМ МАТЕРИАЛДАРЫ

**4.1. 5-тапсырма. Тыңдаңыз және қайталаңыз. (41-бет)**

**Менің үйім**

Менің атым - Қарлығаш. Мен Ақтөбеде тұрамын. Мынау – менің үйім. Ол Қозы-Көрпеш көшесінде орналасқан. Біздің үйіміз көпқабатты. Менің пәтерім тоғызыншы қабатта.

Үйім үш бөлмелі. Асүйде: үстел, орындықтар, пеш, тоңазытқыш және асүй жиһазы бар. Қонақ бөлмесінде: теледидар, диван, екі кресло, кітап сөрелері, кілем бар. Жатын бөлмеде: төсек, шкаф, айна бар. Дәлізде: киім ілгіш, алаша бар.

**4.2. 2-тапсырма. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз. (47-бет)**

Әселдің үйі Абай даңғылында орналасқан. Абай даңғылы Әл-Фараби даңғылынан кейін орналасқан. Үйімнің оң жағында дәріхана, сол жағында азық-түлік дүкені орналасқан. Қарама-қарсы жағында мұз айдыны бар. Абай даңғылында метро бар.

**4.2. 3-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз және қайталаңыз. (48-бет)**

- Сәлеметсіз бе! Кешіріңіз, мынау қай көше?
- Бұл – Достық көшесі.
- Маған бесінші үй керек еді. Айтып жіберіңізші.
- Оңға қарай жүріңіз, бір аялдамадан кейін гүлдер дүкенін көресіз. Бесінші үй сол дүкенге қарама-қарсы орналасқан.
- Көп рақмет!
- Оқасы жоқ!

# 5 ДӘРІС DERS — КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР / GÜNLÜK HAYAT

**5.1. 2-тапсырма. Тыңдаңыз, ауыспалы осы шақты жасауға қатысып тұрған сөздерді жазып алыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. (58-бет)**

Мен **күнде** таңертең сағат 8-де **тұрамын**. Сіз ше? **Әдетте** нешеде **тұрасыз**?
**Жылда** жазда Түркияда **демаламын**. Ал сіз **жыл сайын** қайда демаласыз?
Әр сенбі сайын түрік тілі сабағына барамын. Сіз апта сайын қайда барасыз?
Мен ай сайын ауылға ата-әжеме барып тұрамын. Сіз ай сайын кімге барып тұрасыз?
**Кейде** мен жексенбі күні жұмысқа **шығамын**. Сіз **жексенбі сайын** не **істейсіз**?
Мен **үнемі** спортпен **айналысамын**. Сіз де **үнемі айналысасыз** ба?
Мен **ешқашан** жұмысқа **кешікпеймін**. Ал сіз ше?

**5.2. 3-тапсырма. Тыңдаңыз. Диалогтар бойынша жағдаят құрыңыз. Уақытты санмен жазыңыз. (63-бет)**

**№1 диалог**

- Кеш жарық!
- Кеш жарық!
- Фильм сағат нешеде басталады?
- Сағат сегізден жиырма кеткенде басталады.
- Қазір сағат неше?
- Сағат жеті жарым.

**№2 диалог**

- Кешіріңіз! Сағат неше екенін айтып жібересіз бе?
- Сағат тоғызға он бес минут қалды!
- Дәріс нешеде басталады?

- Тура тоғызда.
- Рақмет!
- Оқасы жоқ!

**№3 диалог**

- Кешірім өтінем, автобус неше минут сайын жүреді?
- Сізге нешінші автобус керек?
- Маған елуінші автобус керек еді.
- Ол он минут сайын жүреді.
- Рақмет!

### 5.2. 7-тапсырма. Тыңдаңыз. (66-бет)

Жылда төрт мезгіл бар: күз, қыс, көктем, жаз. Мен көктемді жақсы көремін. Өйткені көктемде күн жылынып, қар ериді, құстар ән салады. Әсіресе сәуір, мамыр айларында ауа райы тамаша болады. Ағаштар мен шөптер көктейді. Қызыл, жасыл, сары гүлдер гүлдейді.

Наурыз айында барлық түркі халықтары жыл басы Наурызды тойлайды. Қазақтар Наурыз мерекесінде шапан, тақия, камзол киіп, бір-бірлеріне қонаққа барады.

Көктемде адамдар саякбақтарда серуендейді. Мен де жылы күндері достарыммен серуендегенді жақсы көремін. Ал жаңбырлы күндері әдетте ешқайда бармаймын, кітап оқимын.

# 6 ДӘРІС DERS ДҮКЕНДЕ, БАЗАРДА MAĞAZADA, PAZARDA

**6.1. 3-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, аудармасын сөздіктен қараңыз. (73-бет)**

Мен сіздерді отбасыммен таныстырайын. Менің отбасымда: әкем, шешем, апам және інім бар. Біз Алматылықпыз. Біздің үйіміз Төле би көшесінде. Отбасым тоғызыншы қабатта, төрт бөлмелі пәтерде тұрады.

Менің ата-анам әр жексенбі сайын көкбазарға барады. Көкбазар – Алматының үлкен сауда орны. Мұнда жеміс-жидек, көгөніс, ет, сүт, нан, макарон өнімдері, киім, аяққиім сатылады. Көкбазарда бәрі бар.

Бүгін жексенбі, ата-анам көкбазарға кетті. Олар көгөністерден: картоп, сәбіз, қызанақ, қияр, пияз алды. Сүт өнімдерінен: сүт, ірімшік, сары май, айран, қаймақ сатып алды.

**6.1. 6-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз. Диалог бойынша екеуара сөйлесіңіз. (75-бет)**

**Менеджер:** - Сәлеметсіз бе! Супермаркетімізге қош келдіңіз!

**Сатып алушы:** Сәлеметсіз бе! Қош көрдік!

**Менеджер:** - Супермаркетіміздің ашылуына орай бізде жеңілдіктер бар!

**Сатып алушы:** Керемет! Қандай айтып жіберіңізші!

**Менеджер:** Макарон және ет өнімдеріне жеңілдіктер бар.

**Сатып алушы:** Көп рақмет! Мен сиырдың және жылқының етін алайын деп едім. Бар ма?

**Менеджер:** Әрине бар!

**Сатып алушы:**Қай жерде?

**Менеджер:** Сүт өнімдерінен кейін оңға қарай жүресіз.

**Сатып алушы:** Етке қандай жеңілдіктер бар?

**Менеджер:** Он бес пайыз жеңілдікпен аласыз.

**Сатып алушы:** Көп рақмет!

**Менеджер:** Сауданыз берекелі болсын!

### 6.2. 5-тапсырма. Тыңдаңыз. (81-бет)

- Қайырлы күн! Дүкенімізге қош келдіңіз!
- Қайырлы күн, рақмет, қош көрдік! Мен қызыма киім алайын деп едім.
- Балаңыз нешеде?
- Сегіз жаста.
- Тамаша, бізде 8 жасар балаларға түрлі киімдер бар.
- Маған көйлек, белдемше, жейде мен аяқкиім керек.
- Мінеки, қарасаңыз болады, қандай түсті көйлек керек?
- Бізге көгілдір түсті, ұзындығы орташа көйлек керек.
- Мына көйлекті көріңіз. Менiңше, жарасады.
- Иә, жарасады деп ойлаймын. Қоңыр белдемше мен күлгін жейде бар ма?
- Иә, тура жүрсеңіз, белдемшелер мен жейделер тұр.
- Аяқкиім бөлімі қайда?
- Жейделерден кейін солға бұрылсаңыз, табасыз.
- Рақмет!

### 6.2. 8-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз. (81-бет)

- Мына киімдерге жеңілдік бар ма?
- Өкінішке қарай, қазір жоқ.
- Маған санап беріңізші.
- Бәрін аласыз ба?
- Иә, барлығын аламын.

- Жақсы, қырық бір мың теңге. Қолма-қол ақшамен төлейсіз бе?
- Жоқ, картамен төлейін.
- QR кодпен де төлеуге болады.
- Өте жақсы, солай төлейін.
- Мінеки, киімдеріңізді алыңыз.
- Көп рақмет! Сау болыңыз!
- Келіп тұрыңыз!

## 7 ДӘРІС / DERS — МАМАНДЫҚТАР / MESLEKLER

**4-тапсырма. Диалогты тыңдаңыз. Таныс емес сөздерді жазып алып, аудармасын сөздіктен қараңыз. (86-бет)**

- Сәлем, Мағжан!
- Сәлем, Айша!
- Қалың қалай? Не жаңалық?
- Рақмет, бәрі жақсы, өзіңде ше?
- Менде де бәрі жақсы. Жақында тест тапсырамын. Сен ше? Қай мамандықта оқып жатсың?
- Мен бала кезімнен тіс дәрігері болғым келеді. Сондықтан қазір стоматология факультетінде, 1-курста оқып жатырмын. Өзің қайсы мамандықты таңдағың келеді?
- Қандай жақсы! Ал мен мұғалім болғым келеді. Балаларға сабақ бергім келеді.
- Керемет! Сәттілік тілеймін!
- Рақмет, Мағжан!
- Айша, саған да рақмет! Өзіңе де сәттілік тілеймін!
- Көріскенше!
- Көріскенше!

**13-тапсырма. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. (91-бет)**

**Армандаған мамандық**

**Мұғалім:** Оқушылар, болашақта қандай мамандық иесі болуды армандайсыздар?

**Арман:** Заңгер болуды армандаймын, апай.

**Майра:** Мен мұғалім болғым келеді.

**Шыңғыс:** Апай, мен ұшқыш болғым келеді. Ұшақты басқарамын. Менің әкем де – ұшқыш.

**Дархан:** Дәрігер болу менің балалық арманым. Науқастарды емдеймін.

**Айнұр:** Мен жеке кәсіпкер боламын. Өз фирмамды құрамын. Өйткені менің ата-анам да – жеке кәсіпкер.

**15-тапсырма. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. (92-бет)**

Ахмет – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің тарих факультетінде аға оқытушы. Ахметтің достары көп. Олар – өз саласының мықты мамандары. Ең жақын досы Абзал - аудармашы. Түрік тілі маманы. Жұмыс орны - Қазақстан ұлттық телеарнасы. Нұрбек досы - археолог. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтында бөлім басшысы. Көршілес досы Марат - домбырашы. Қалалық мәдениет үйінде жұмыс істейді. Әділбек досы - әскери қызметкер. Олардың ортақ хоббилері – балық аулау. Олар жиі балық аулауға барады.

# 8 ДӘРІС / DERS KӨЛІК. СӘТ САПАР! VASITA. İYI YOLCULUKLAR!

**6-тапсырма. Тыңдаңыз, қайталаңыз. (99-бет)**

- Сәлеметсіз бе, кешіріңіз, Анкарадан Ыстамбұлға дейін немен баруға болады?
- Қайырлы күн, Анкарадан Ыстамбұлға дейін ұшақпен және жүрдек пойызбен жетуге болады.
- Автобуспен бара аламын ба?
- Иә, автобуспен де бара аласыз.
- Билетті қайдан сатып аламын?
- Билеттерді әуежай, теміржол вокзалы және сапаржай кассаларынан сатып ала аласыз.
- Көп рақмет!

**7-тапсырма. Тыңдаңыз. (100-бет)**

**Жайна:** Алло, сәлеметсіз бе! «Эйр Астана» әуе компаниясы ма?

**Байланыс менеджері:** Сәлеметсіз бе! Сізге қандай көмек керек?

**Жайна:** Алматыдан Астанаға шұғыл ұшуым керек. Ертеңге билет ала аламын ба? Рейстердің уақытын айтып жіберіңізші.

**Байланыс менеджері:** Иә, билет сатып ала аласыз. Ертеңге Алматыдан Астанаға таңертеңгі 09.45, түскі 13.30 және кешкі 19.00-де ұшатын рейстер бар.

**Жайна:** Маған 1 ересек пен 1 балаға билет қажет. Билеттерді қалай сатып алуға болады?

**Байланыс менеджері:** Билеттерді мобильдік қосымшалардан немесе біздің кеңсемізден сатып ала аласыз. Сіз дәл қазір қай аудандасыз?

**Жайна:** Бостандық ауданындамын.

**Байланыс менеджері:** Сізге ең жақын кеңсеміз Тимирязева көшесінде орналасқан.

**Жайна:** Көп рақмет!

**Байланыс менеджері:** Сау болыңыз!

**11-тапсырма. Тыңдаңыз. Жауап жазыңыз. (103-бет)**

**Теміржол вокзалында хабарлама.**

Жолаушы азаматтар, сақ болыңыздар! Орал-Ақтөбе бағытындағы жүрдек пойыз 1-жолға келіп тоқтайды. Жолаушы азаматтар, сақ болыңыздар! Вагон сандары басынан басталады. Тоқтап тұру уақыты 10 минут.

## 9 ДӘРІС / DERS — КІТАПХАНАДА / KÜTÜPHANEDE

**5-тапсырма. «Мен кіммін?» Тыңдаңыз. (108-бет)**

**1. Мұстафа Кемаль Ататүрік** – түріктің атақты қолбасшысы. Түркияның алғашқы президенті. 1881 жылы Селаникте дүниеге келген. Ататүрік әскери мектепте оқыған. Түрік халқы оны ерекше құрметтейді.

**2. Қожа Ахмет Ясауи** – 1093 жылы дүниеге келген түркістандық ғұлама, әулие. Оның шығармасы «Диуани Хикмет» деп аталады. Қожа Ахметтің Анадолыда шәкірттері бар.

**3. Димаш Қанатұлы Құдайберген** – Қазақстанның әлемге танымал жас әншісі. 1994 жылы 25 мамырда Ақтөбеде дүниеге келген. Оның ата-анасы – әншілер. Димаштың дауысы – 6 октавалық ерекше дауыс. Ол қазақ, орыс, ағылшын, қытай, француз тілдерінде ән айтады.

**13-тапсырма. Тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз. (113-бет)**

Бұл – Елдос. Евразия ұлттық университеті тарих факультетінің студенті. Ол – кітапхананың тұрақты оқырманы. Кітапхананың сирек қорлар бөліміне жиі келеді. Қолжазбалармен жұмыс істейді.

Бұл – Салтанат. Журналистика факультетінде аға оқытушы. Кітапхананың мерзімді басылым бөлімінің тұрақты оқырманы.Ол газет-журнал оқығанды ұнатады.

Бұл кітапханашы - Сәуле апай. Сирек қорлар бөлімінде жұмыс істейді. Ол өз жұмысын жақсы көреді. Жиырма жыл бойы кітапханада қызмет етеді.

## 10 ДӘРІС / DERS — ДЕМАЛЫС. ҚОНАҚ ҮЙДЕ / TATİL. OTELDE

**8-тапсырма. Тыңдаңыз. Сурет бойынша аттарын жазыңыз. (113-бет)**

Көктөбе – Іле Алатауының етегіндегі көрікті жер. Алматыға панорамалық шолу жасайтын орын. Биіктігі – 1070 метр. Көктөбеге қала ішінен автокөлікпен, автобуспен, метромен немесе аспалы жолмен баруға болады.

Бозжыра шатқалы – Маңғыстау облысындағы табиғи көрікті жерлердің бірі. Ақтау қаласынан 300 километр жерде. Ақтауға ұшақпен немесе пойызбен баруға болады.

Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан қаласында орналасқан тарихи орын. XIV ғасырдың соңында салынған ғимарат. Қазақстанның маңызды туристік мекендерінің бірі. Түркістанға ұшақпен, пойызбен немесе автобуспен баруға болады.

Каспий теңізі – Еуропа мен Азия арасында орналасқан әлемдегі ең үлкен көл. Үлкендігіне қарап оны теңіз деп атайды. Ақтау қаласы Каспий теңізінің жағалауында орналасқан.

Шарын шатқалы – Шарын өзенінің бойында орналасқан шатқал. Алматы облысы, Райымбек ауданында орналасқан. Қазақстанның көрікті жерлерінің бірі. Шарын шатқалына автобуспен немесе жеке автокөлікпен баруға болады.

## 1-ДӘРІС. 2-ТАПСЫРМА. (9-бет)

Ә – ән, әже, әтеш, әріп, әтір.

Ғ – аға, ғарыш, сағат, ғасыр, мұғалім.

Ж – жол, жаз, жұмыс, жапырақ, жұмыртқа.

Й – күй, бай, тай, шай, кедей.

Ң – аң, таң, жаңа, еңбек, кеңес.

У – ту, уық, ауыл, білу, уақыт.

Х – хан, хат, хатшы, тарих, махаббат.

Һ – жауһар, гауһар, жиһаз айдаһар, қаһарман.

Ц – цирк, цемент, циркуль.

## 1-ДӘРІС. 4-ТАПСЫРМА. (10-бет)

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Тау | 3. Ыдыс | 5. Орындық | 7. Балық | 9. Шай |
| 2. Щетка | 4. Доп | 6. Нан | 8. Ит | 10. Жиһаз |

## 1-ДӘРІС. 5-ТАПСЫРМА. (10-бет)

Ақ, ағаш, Алатау, ат, аяқ. Әже, әтеш, әліппе, әпке, әскер. Егін, егіз, екі, есеп, ер. Ыдыс, мың, ыстық. Із, іс, кісі, білім, ірімшік. Орман, орамал, отын, отыз, Отан. Өмір, өрт, өзен, өрік, көбелек. Ұл, ұшақ, ұста, мұрын, ұйқы. Үміт, үй, түлкі, үтік, Түркістан.

## 1-ДӘРІС. 6-ТАПСЫРМА. (10-бет)

Ат, тарақ, қазақ, зат, апа, әйнек, терезе, із, ұстаз, ырыс, қоян, шана, дала, балапан, үлкен, фирма, сарай, ракета, өзен, хан, жарық, таң.

# ДҰРЫС ЖАУАПТАР

## 1-ДӘРІС. 7-ТАПСЫРМА. (11-бет)

Гүл, сағат, өрік, етік, тау, үтік, ұшақ, ыдыс, орындық, хат.

## 1-ДӘРІС. 8-ТАПСЫРМА. (11-бет)

Бұл не? Бұл – тау. Бұл не? Бұл – ит. Бұл не? Бұл – жапырақ.
Бұл не? Бұл – өрік. Бұл не? Бұл – қалам. Бұл не? Бұл – етік.
Бұл не? Бұл – уық. Бұл не? Бұл – ыдыс. Бұл не? Бұл – әтеш.
Бұл не? Бұл – аң.

## 2-ДӘРІС. 2.1. 4-ТАПСЫРМА. (15-бет)

**Ермек:** Сәлем!
**Асылзат:** **Сәлем**.
**Ермек:** Менің атым – Ермек. Сіздің **атыңыз кім?**
**Асылзат:** **Менің атым** – Асылзат.
**Ермек:** **Танысқаныма** қуаныштымын.
**Асылзат:** Мен де **қуаныштымын**.
**Ермек:** **Қалыңыз қалай?**
**Асылзат:** **Рақмет,** жақсы.
**Ермек:** **Көріскенше!**
**Асылзат:** Көріскенше!

## 2-ДӘРІС. 2.1. 7-ТАПСЫРМА. (16-бет)

1. Жасұлан: Сәлеметсіз бе, Шынар!
2. Шынар: Сәлеметсіз бе, Жасұлан ағай!
3. Жасұлан: Қалың қалай, Шынар?
4. Жасұлан: Жақсымын, ағай. Рақмет! Сіздің қалыңыз қалай?
5. Жасұлан: Жақсы.
6. Жасұлан: Денсаулығыңыз қалай?
7. Шынар: Рақмет, жақсымын.

8. Шынар: Сау бол, Шынар!
9. Шынар: Сау болыңыз, ағай!

## 2-ДӘРІС. 2.1. 11-ТАПСЫРМА. (18-бет)

Азат – Түркістан
Салтанат – Ақтөбе
Дәурен - Семей
Мехмет – Анкара
Сағыныш – Қызылорда
Ғалымжан – Орал
Эфе – Измир
Ахмет - Баку

## 2-ДӘРІС. 2.1. 12-ТАПСЫРМА. (18-бет)

| | | Омар | Әлия | Дархан |
|---|---|---|---|---|
| **Мамандық:** | *Дәрігер* | | ✓ | |
| **Туған жері:** | *Алматы* | | | ✓ |
| **Жасы:** | *Он сегіз* | ✓ | | |
| **Мамандық:** | *Оқытушы* | | | ✓ |
| **Жасы:** | *Отыз бес* | | ✓ | |
| **Туған жері:** | *Ыстамбұл* | ✓ | | |

## 2-ДӘРІС. 2.2. 2-ТАПСЫРМА. (19-бет)

Бұл не? Бұл – су. Бұл – қасық. Бұл – гүл. Бұл – теңіз. Бұл – сурет. Бұл – компьютер. Бұл – үй. Бұл – кітап. Бұл – моншақ. Бұл – жастық. Бұл – тақта. Бұл – табақ. Бұл – машина.

Бұл кім? Бұл – студент. Бұл – оқушы. Бұл – тігінші. Бұл – Арман. Бұл – кітапханашы. Бұл – әже. Бұл – Майра. Бұл – бөбек.

## 2-ДӘРІС. 2.2. 3-ТАПСЫРМА. (20-бет)

Бұл кім? Айдын, аспаз.

Ол не? Фотоаппарат, қарбыз, бал, көлік.

## 2-ДӘРІС. 2.2. 5-ТАПСЫРМА. (22-бет)

Кітап – кітап+тар

Бау – бау+лар

Бет – бет+тер

Қыз – қыз+дар

Доп – доп+тар

Алма – алма+лар

Автобус – автобус+тар

Қала – қала+лар

мысық –мысық+тар

үстел – үстел+дер

құс – құс+тар

жігіт – жігіт+тер

дәрігер – дәрігер+лер

ана – ана+лар

әріп – әріп+тер

тау – тау+лар

## 2-ДӘРІС. 2.2. 8-ТАПСЫРМА. (24-бет)

3 – үш, 60-алпыс, 92- тоқсан екі, 75-жетпіс бес, 1904-мың тоғыз жүз төрт, 2023 – екі мың жиырма үш, 45 – қырық бес, 100 – жүз, 10068 – он мың алпыс сегіз, 340000 – үш жүз қырық мың, 2000000 – екі миллион, 005 – нөл нөл бес, 14000340 – он төрт миллион үш жүз қырық мың, 12 000000000 – он екі миллиард.

## 2-ДӘРІС. 2.2. 9-ТАПСЫРМА. (25-бет)

Бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы.

## 2-ДӘРІС. 2.2. 10-ТАПСЫРМА. (25-бет)

Астана – екінші, Алматы – бірінші, Шымкент – үшінші.

## 3-ДӘРІС. 3-ТАПСЫРМА. (30-бет)

1. Мұраттың әкесі – **Жандос**.
2. Мұраттың ағасы – **Дулат**.
3. Мұраттың **әкесі қырық бес жаста**. **Анасы қырық жаста.**
4. Мұрат отбасымен **Алматыда** тұрады.
5. Дулат пен Дариға – **Мұраттың бауырлары**.
6. Батыр **мектепте** оқиды.
7. Мұраттың әкесінің **фирмасы** бар.
8. Гүлжан – Мұраттың **анасы**.
9. Қайсар мен Гүлдара – Мұраттың **ата**-әжесі.
10. Мұрат **15** жаста.

## 3-ДӘРІС. 4-ТАПСЫРМА. (30-бет)

Рамазанның анасының аты – Раушан. Әкесінің есімі – Кәрім. Рамазанның ата-анасы – ұстаздар. Рамазанның інісі жоқ. Окан үшінші курста оқиды. Дана – Рамазанның қарындасы. Ол жетінші сыныпта оқиды. Оканның бір қарындасы, інісі бар.

## 3-ДӘРІС. 5-ТАПСЫРМА. (31-бет)

Сая – Нұрбектің анасы. Айгүл – Нұрбектің қарындасы. Берік – Нұрбектің інісі. Әли, Асқар, Жанар – Нұрбектің жиендері. Болат – Нұрбектің әкесі. Райгүл – Нұрбектің інісінің әйелі, келіні.

## 3-ДӘРІС. 10-ТАПСЫРМА. (34-бет)

**Дұрыс:** Азамат пен Айнұр үйленген. Аяулым, Ұлпан, Жігер Раушанның – жиендері. Раушан мен Рахаттың анасы – Айнұр. Раушан – Рахаттың бауыры. Жігер – Азамат пен Айнұрдың немересі.

**Бұрыс:** Аяулым – Азаматтың қызы. Олар Алматыда тұрады. Ұлпанның әкесі – Азамат.

## 3-ДӘРІС. 11-ТАПСЫРМА. (35-бет)

- Сәлем, Аян!
- Сәлем, ағатай!
- Кешке не істейсің?
- Ешқандай жоспарым жоқ.
- Онда кешке бізге кел, фильм көрейік.
- Жақсы, келейін.

- Алло, анашым!
- Алло, қызым, қалың қалай?
- Жақсы, анашым. Мен сабақтан шықтым. Үйге не ала келейін?
- Бір нан ала сал, қызым.
- Жарайды, анашым. Көріскенше!
- Байқап жүр, балам.

## 3-ДӘРІС. 12-ТАПСЫРМА. (36-бет)

Хат жаз. Далаға шық. Музыка тыңдайық. Кітап оқы.
Театрға барыңыз. Хабарын берсін. Қолыңды жу. Үйге қайтайын.

## 4-ДӘРІС. 4.1. 1-ТАПСЫРМА. (39-бет)

Елдостың достары Түркиядан. Елдостың үйі төрт бөлмелі. Үшінші қабатта орналасқан. Дәліздің сол жағында жуынатын бөлме бар. Дәлізден түзу жүргенде қарындасының бөлмесі бар. Елдостың бөлмесі дәліздің оң жағында.

## 4-ДӘРІС. 4.1. 2-ТАПСЫРМА. (39-бет)

Келіңдер – сендер келіңдер (2ж., көпше түрі); төрлетіңдер – сендер төрлетіңдер (2ж., көпше түрі); көрсет – сен көрсет (1ж., жекеше түрі); жүріңдер – сендер

жүріңдер (2ж., көпше түрі); жуайық – біз жуайық. (3ж., көпше түрі); барайық – біз барайық. (3ж., көпше түрі).

### 4-ДӘРІС. 4.1. 4-ТАПСЫРМА. (40-бет)

1. Жатын бөлмесі
2. Жуынатын бөлме
3. Балалар бөлмесі
4. Асүй
5. Дәретхана
6. Қонақ бөлмесі
7. Кіреберіс

### 4-ДӘРІС. 4.1. 5-ТАПСЫРМА. (41-бет)

Бұл – Қарлығаштың үйі. Қарлығаш Ақтөбеде тұрады. Қарлығаштың үйі Қозы-Көрпеш көшесінде орналасқан. Ол – көпқабатты үй. Қарлығаштың пәтері тоғызыншы қабатта. Пәтер үш бөлмелі. Асүйде үстел, орындықтар, пеш, тоңазытқыш және асүй жиһазы бар. Қонақ бөлмесінде теледидар, диван, екі кресло, кітап сөрелері, кілем бар. Жатын бөлмеде төсек, шкаф, айна бар. Дәлізде киім ілгіш бар.

### 4-ДӘРІС. 4.1. 6-ТАПСЫРМА. (42-бет)

Асүй: асүй жиһазы, пеш, орындық, перде, үстел. Қонақ бөлме: перде, кілем, теледидар, диван, үстел, орындық, сурет бар. Жатын бөлме: төсек, шам, перде, кілем, айна.

### 4-ДӘРІС. 4.1. 6-ТАПСЫРМА. (43-бет)

1. Орындық 2. Үстел 3. Кілем 4. Кітап сөресі 5. Айна 6. Перде 7. Теледидар 8. Асүй жиһазы 9. Пеш 10. Төсек

## 4-ДӘРІС. 4.1. 6-ТАПСЫРМА. (44-бет)

Ас бөлмеде **пеш** бар. Ас бөлмеде **төсек** жоқ. Жатын бөлмесінде **төсек** бар. Жатын бөлмесінде **кітап сөресі** жоқ. Қонақ бөлмесінде **теледидар** бар. Қонақ бөлмесінде **асүй жиһазы** жоқ.

## 4-ДӘРІС. 4.1. 7-ТАПСЫРМА. (44-бет)

Орындық – балкон. Айна – жатын бөлмесі. Перде – асүй. Теледидар – қонақ бөлмесі.

## 4-ДӘРІС. 4.1. 9-ТАПСЫРМА. (45-бет)

Жұмыртқа себетте. Оқушы тақтада. Алма ағашта. Дәрігер ауруханада.

## 4-ДӘРІС. 4.2. 2-ТАПСЫРМА. (47-бет)

1. Әселдің үйі **Абай даңғылында** орналасқан.
2. Үйінің жанында **дәріхана, азық-түлік дүкені** бар.
3. Абай даңғылы **әл-Фараби даңғылынан кейін** орналасқан.
4. Әселдің үйіне **метромен** баруға болады.
5. Мұз айдыны Әселдің үйіне **қарама-қарсы** орналасқан.

## 4-ДӘРІС. 4.2. 6-ТАПСЫРМА. (49-бет)

Бәйтеректің биіктігі 97 метр. Бәйтерек 1997 жылы салынған. Бәйтерек Есіл өзенінің сол жағалауында орналасқан. Бәйтеректің оң жағында тұрғын үй кешендері бар. Бәйтеректің сол жағында кітапхана бар. Бәйтеректің қарама-қарсы жағында Қорғаныс министрлігі орналасқан.

## 4-ДӘРІС. 4.2. 9-ТАПСЫРМА. (52-бет)

Көк. Сары. Қызыл. Жасыл. Қоңыр. Күлгін. Қара.

## 4-ДӘРІС. 4.2. 10-ТАПСЫРМА. (52-бет)

Ақ көйлек. Күлгін машина. Қара көз. Сары шаш.
Қоңыр аяқ киім. Қара шаш. Қызыл сөмке. Көк көз.

## 4-ДӘРІС. 4.2. 11-ТАПСЫРМА. (53-бет)

Жәмиланың көзінің түсі қара. Жәмиланың жейдесінің түсі көк. Жәмиланың бойы ұзын.

## 4-ДӘРІС. 4.2. 11-ТАПСЫРМА. (54-бет)

1. Батсайхан 2. Мэйсон 3. Наталья

## 5-ДӘРІС. 5.1. 3-ТАПСЫРМА. (59-бет)

Менің атым – Арман. Мен күнде таңғы 6-да тұрамын. Беті-қолымды, тісімді жуып, душқа түсемін. Алдымен 15 минут жаттығу жасаймын, содан кейін спорттық киімдерімді киіп, далаға шығып, жарты сағат жүгіремін. Алғашқыда ақырын жүгіріп, одан кейін жылдам жүгіре бастаймын. Таңертеңгі асты ішкеннен кейін, жұмысқа жиналамын. Жұмысқа қоғамдық көлікпен барамын. Жұмыстан соң үйге жаяу қайтамын. Кейде кешке достарыммен уақыт өткіземін. Түнде ерте ұйықтаймын, өйткені ерте жатып ұйықтау – денсаулыққа пайдалы.

## 5-ДӘРІС. 5.1. 8-ТАПСЫРМА. (61-бет)

- Жеңіс ерте ұйықтайды.
- Жеңіс ерте тұрады.
- Майра жұмысқа жаяу барады.
- Майра кітап оқиды.
- Жеңіс жұмыстан кеш келеді.
- Жеңіс күн тәртібін қатаң қадағалайды.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 2-ТАПСЫРМА. (63-бет)

1. Бірден 15 минут кетті. 2. Он екіге 15 минут бар. 3. Үштен 35 минут кетті немесе төртке 25 минут қалды.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 4-ТАПСЫРМА. (64-бет)

1. Айлин концертке кешкі жетіде барады. 2. Айлин таңертең жетіде ұйқыдан тұрады. 3. Айлин он бір жарымда ұйықтайды. 4. Айлин таңғы асын ішкен соң таза ауада серуендейді.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 6-ТАПСЫРМА. (66-бет)

**Бүгін** 1 қыркүйек! Бірінші қыркүйекте біз білім күнін мерекелейміз. **Алдыгүні** 30 тамыз болды. 30 тамызда Қазақстан конституциясы күнін атап өттік. **Ертең** 2 қыркүйек сенбі. Қаламызда сенбі сайын әртүрлі шаралар өтеді. **Кеше** 31 тамызда мектепке дайындалдық. **Бүрсігүні** демаламыз, өйткені жексенбі болады.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 7-ТАПСЫРМА. (66-бет)

Жылда төрт мезгіл бар: күз, қыс, көктем, жаз. Мен көктемді жақсы көремін. Өйткені көктемде күн жылынып, қар ериді, құстар ән салады. Әсіресе сәуір, мамыр айларында ауа райы тамаша болады. Ағаштар мен шөптер көктейді. Қызыл, жасыл, сары гүлдер гүлдейді.

Наурыз айында барлық түркі халықтары жыл басы Наурызды тойлайды. Қазақтар Наурыз мерекесінде шапан, тақия, камзол киіп, бір-бірлеріне қонаққа барады.

Көктемде адамдар саябақтарда серуендейді. Мен де жылы күндері достарыммен серуендегенді жақсы көремін. Ал жаңбырлы күндері әдетте ешқайда бармаймын, кітап оқимын.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 8-ТАПСЫРМА. (66-бет)

**Қыс:** желтоқсан, қаңтар, ақпан. **Көктем:** наурыз, сәуір, мамыр.
**Жаз:** маусым, шілде, тамыз. **Күз:** қыркүйек, қазан, қараша.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 10-ТАПСЫРМА. (68-бет)

Минут - 60 секунд; Сағат - 60 минут; Апта - 7 күн; Тәулік - 24 сағат; Ай - 30-31 (28/29) күн; Жыл - 12 ай; Ғасыр - 100 жыл.

### 5-ДӘРІС. 5.2. 11-ТАПСЫРМА. (68-бет)

Түскі сағат он екі қырық бесте, кешкі алты жарымда, түнгі тоғыз он бесте, 10 сағат.

### 6-ДӘРІС. 6.1. 2-ТАПСЫРМА. (72-бет)

Тұрмадым, ішпедік, әңгімелеспедік, серуендемедік, бармадық, алмады, даярламады, өтпеді.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 1-ТАПСЫРМА. (78-бет)

Онлайн-дүкен арзан әрі қолайлы. Еңлік 15% жеңілдікпен күртеше алды. Әкесіне күртеше алды. Алған заттары тегін жеткізу қызметімен жеткізілді.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 2-ТАПСЫРМА. (78-бет)

Дәріхана, ойыншық дүкені, көгөніс базары, сауда үйі, шағын маркет, азық-түлік дүкені.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 3-ТАПСЫРМА. (79-бет)

**1.** Әлияның себетінде нан, екі сүт, макарон, шай, ірімшік, сары май, шұжық бар. **2.** Жанардың себетінде ет, нан, тоқаш, айран, шұжық, кәмпит, қант, өсімдік майы, жұмыртқа бар.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 4-ТАПСЫРМА. (80-бет)

**Наурыз көже үшін** 2 кг ет-5000 теңге, 1 кг күріш-800 теңге, жарты кг бидай 150 теңге, 1 литр сүт-600 теңге, құрт 500 теңге, тұз – 300 теңге. **Бауырсақ үшін** 5 кг ұн – 2500 теңге, жұмыртқа 500 теңге. Айнаштың жалпы шығыны **10350** теңге.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 6-ТАПСЫРМА. (81-бет)

Сатып алушы дүкенге келді. Сатып алушы киімді қызына алады. Оның баласы сегіз жаста. Сатып алушыға көйлек, белдемше, жейде мен аяқ киім қажет. Көйлектің түсі көгілдір болу керек. Қоңыр белдемше мен күлгін жейде керек. Аяқкиімдер аяқкиім бөлімінде тұр.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 7-ТАПСЫРМА. (81-бет)

**Балжан:** көйлек, орамал, туфли. **Дархан:** жейде, шалбар, ерлер костюмі.

### 6-ДӘРІС. 6.2. 9-ТАПСЫРМА. (82-бет)

- Мына **киімдерге жеңілдік** бар ма?
- **Өкінішке қарай,** қазір жоқ.
- Маған **санап** беріңізші.
- Бәрін **аласыз** ба?
- Иә, **барлығын** аламын.
- Жақсы, қырық бір мың теңге. **Қолма-қол** ақшамен **төлейсіз** бе?

• Жоқ, картамен **төлейін**.
• QR кодпен де **төлеуге** болады.
• Өте жақсы, солай **төлейін**.
• Мінеки, киімдеріңізді алыңыз.
• Көп рақмет! Сау болыңыз!
• Келіп тұрыңыз!

**7-ДӘРІС. 8-ТАПСЫРМА. (88-бет)**

1.Сатушы. 2.Сәулетші. 3.Ұшқыш. 4. Шаштараз. 5.Мұғалім. 6. Оқытушы.

**7-ДӘРІС. 9-ТАПСЫРМА. (89-бет)**

1. Аспаз 2. Мұғалім 3. Дәрігер 4. Қаржыгер 5. Биші 6. Заңгер 7. Қасапшы 8. Ұшқыш 9. Полиция 10. Әртіс.

**7-ДӘРІС. 10-ТАПСЫРМА. (89-бет)**

**Дұрыс:** Суретші сурет салады. Ұшқыш ұшақ жүргізеді. Дәрігер емдейді. Құрылысшы үй салады. Ғалым ғылыми зерттеу жасайды. Фотограф суретке түсіреді.
**Бұрыс:** Полиция сабақ түсіндіреді. Медбике шаш қияды. Тігінші ас дайындайды. Өрт сөндіруші билейді.

**7-ДӘРІС. 11-ТАПСЫРМА. (90-бет)**

Кітапхана+шы, сәулет+ші, оқу+шы, бас+шы, спорт+шы, есеп+ші, дәрі+гер, ғарыш+кер, тігін+ші, сату+шы, хат+шы, сурет+ші, би+ші, жаттықтыру+шы, құрылыс+шы, тіл+ші, аударма+шы, жазу+шы, зейнет+кер, саясат+кер, заң+гер.

## 7-ДӘРІС. 12-ТАПСЫРМА. (90-бет)

Мұғалімнің қаламы.

Полицияның қаруы.

Шаштараздың қайшысы.

Тігіншінің инесі.

Көлік жүргізушісінің автокөлігі.

Журналистің микрофоны.

## 7-ДӘРІС. 13-ТАПСЫРМА. (91-бет)

1. Оқушылардың армандаған мамандықтары:

Айнұр – жеке кәсіпкер;

Майра – мұғалім;

Шыңғыс – ұшқыш;

Дархан – дәрігер;

Арман – заңгер:

2. Айнұрдың ата-анасы – жеке кәсіпкер.

3. Шыңғыстың әкесі – ұшқыш.

## 7-ДӘРІС. 14-ТАПСЫРМА. (92-бет)

**1.** Әртіс. Сатушы. Өрт сөндіруші. Медбике.

**2.** Әртіс театрда өнер көрсетеді. Сатушы дүкенде зат сатады. Өрт сөндіруші өрт сөндіреді. Медбике ине салады.

**3.** Әртіс театрда жұмыс істейді. Сатушы дүкенде жұмыс істейді. Өрт сөндіруші өрт сөндіру бөлімінде жұмыс істейді. Медбике ауруханада жұмыс істейді.

## 7-ДӘРІС. 15-ТАПСЫРМА. (92-бет)

1. Ахмет және оның достарының хоббиі балық аулау.
2. Әлкей Марғұлан атындағы археология институтында қызмет ететін досы Нұрбек.
3. Ахметтің музыкант досы Марат.
4. Домбырашы досы қалалық мәдениет үйінде қызмет етеді.
5. Университетте Ахмет жұмыс істейді.

## 7-ДӘРІС. 16-ТАПСЫРМА. (93-бет)

Ахмет - аға оқытушы, Абзал – аудармашы, Нұрбек – археолог,
Марат – домбырашы, Әділбек - әскери қызметкер.

## 8-ДӘРІС. 2-ТАПСЫРМА. (96-бет)

Мен жүре аламын. Сен жүре аласың. Сіз жүре аласыз. Ол жүре алады. Біз жүре аламыз. Сендер жүре аласыңдар. Сіздер жүре аласыздар. Олар жүре алады.

Мен жүгіре алмаймын. Сен жүгіре алмайсың. Сіз жүгіре алмайсыз. Ол жүгіре алмайды. Біз жүгіре алмаймыз. Сендер жүгіре алмайсыңдар. Сіздер жүгіре алмайсыздар. Олар жүгіре алмайды.

## 8-ДӘРІС. 4-ТАПСЫРМА. (98-бет)

Әуежай. Метро. Көлік. Вокзал. Пойыз. Кеме. Троллейбус.  Ұшақ. Метро. Көлік.

## 8-ДӘРІС. 5-ТАПСЫРМА. (98-бет)

Ұшақ – әуежай. Метро – метро станциясы. Автобус – тұрақ.

## 8-ДӘРІС. 7-ТАПСЫРМА. (100-бет)

1. Жайна «Эйр Астана» әуе компаниясына хабарласты. 2. Жайна Алматыдан Астанаға ұшады. 3. Таңертеңгі рейс сағат тоғыз қырық бесте. 4. Түскі рейс бір жарымда. 5. Кешкі рейс сағат жетіде. 6. Билеттерді мобильдік қосымшалардан немесе кеңседен сатып алуға болады. 7. Әуе компанияның кеңсесі Тимирязева көшесінде орналасқан.

## 8-ДӘРІС. 8-ТАПСЫРМА. (101-бет)

1. Алматы Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. 2. Алматыда қоғамдық көліктердің барлық түрі бар: автобус, троллейбус, трамвай, метро. 3. Алматыда 131 автобус маршруты бар. 4. Студенттердің жол ақысы 75 теңге. 5. «Алматы-1» теміржол вокзалына троллейбуспен баруға болады.

## 8-ДӘРІС. 10-ТАПСЫРМА. (102-бет)

Билет сатып алу. Қоғамдық көлік. Жол ақысы. Жаяу жүргінші. Теміржол вокзалы. Жол ережесі. Күтіп алу. Шығарып салу. Такси шақыру. Күту залы.

## 8-ДӘРІС. 11-ТАПСЫРМА. (103-бет)

Тасымал түрі – пойыз. Бағыты: Орал-Ақтөбе. Тоқтап тұру уақыты - 10 минут. Орны – вокзал.

## 8-ДӘРІС. 13-ТАПСЫРМА. (103-бет)

Жолақысын онлайн төле**й** аламын. Қазір хабарласа ал**май**мын, кешке хабарласамын. Измирге ұшақпен жет**е** аласыз. Домбырада ойна**й** ал**май**мын, бірақ үйреніп жүрмін. Бүгін түскі сағат бірде кездес**е** аламыз. Таксиді мобильдік қосымша арқылы шақырт**а** аласыз. Теміржол вокзалына 32- автобуспен бар**а** аласың.

## 9-ДӘРІС. 1-ТАПСЫРМА. (105-бет)

Кітапханаға тіркеу бөлімінде тіркелуге болады.
Кітапханаға тіркелу үшін туу туралы куәлігі керек.
Кітапханаға 12 жастан бастап тіркеле алады.
Кітапхана күнделікті ашық.
Кітапхана 09.00-ден 20.00-ге дейін дейін жұмыс істейді.
Кітапхана сенбі және жексенбі күндері жұмыс істейді.

## 9-ДӘРІС. 2-ТАПСЫРМА. (106-бет)

1.Оқырман билеті. 2.Кітапхана. 3. Құжат. 4. Оқырман залы 5. Ұлттық кітапхана

## 9-ДӘРІС. 3-ТАПСЫРМА. (107-бет)

1.Көшірме екінші қабатта жасалады. 2.Көшірменің бағасы 100 теңге. 3.Шетел әдебиетін "Әлем әдебиеті» залында оқуға болады.

## 9-ДӘРІС. 4-ТАПСЫРМА. (107-бет)

**Дұрыс:** Джек Лондонның кітабы «Әлем әдебиеті» залында. Көшірменің 1 беті 100 теңге. Көшірме 2-қабатта.

**Бұрыс:** Кітапханада көшірме жоқ.

## 9-ДӘРІС. 6-ТАПСЫРМА. (109-бет)

Оның Анадолыда шәкірттері бар. *Қожа Ахмет Ясауи*.
Олар Қазақстан топырағында дүниеге келген. *Қожа Ахмет Ясауи, Димаш Қанатұлы Құдайберген*.
Түріктер оны ерекше құрметтейді. *Мұстафа Кемаль Ататүрік*.
Оның дауысы 6 октава. *Димаш Қанатұлы Құдайберген*.
Ол түркі халықтарына танымал адам. *Қожа Ахмет Ясауи*.

**9-ДӘРІС. 7-ТАПСЫРМА. (110-бет)**

Реформатор - Мұстафа Кемаль Ататүрік.

Қазақстандық – Димаш Құдайберген.

Әскери мектепте оқыған - Мұстафа Кемаль Ататүрік.

Алғашқы Президент – Мұстафа Кемаль Ататүрік.

Ол хикметтер кітабын жазған – Қожа Ахмет Ясауи.

1994 жылы 25-мамырда дүниеге келген – Димаш Құдайберген.

**9-ДӘРІС. 8-ТАПСЫРМА. (110-бет)**

- Кешіріңіз, сіз домбырашы**сыз** ба?
- Жоқ, мен студент**пін**. Сіз әртіс**сіз** бе?
- Жоқ, мен жазушы**мын**. Сіз қай университетте оқи**сыз**?
- Шәкәрім университетінің 4-курс студенті**мін**. Бұл менің досым – Айбар. Ол – ұшқыш.

**9-ДӘРІС. 9-ТАПСЫРМА. (111-бет)**

Менің гүл**ім**. Сенің жейде**ң**. Сіздің үстел**іңіз**. Оның дәптер**і**.
Біздің перде**міз**. Сендердің аспашам**дарың**. Сіздердің ақша**ларыңыз**.
Олардың газет**і**.

**9-ДӘРІС. 10-ТАПСЫРМА. (112-бет)**

Менің көлі**гім**. Сенің қалы**бың**. Сіздің көйле**гіңіз**. Оның күнделі**гі**. Біздің саба**ғымыз**.

## 9-ДӘРІС. 11-ТАПСЫРМА. (112-бет)

Сенің сөмкең әдемі. Оның қаламы қара. Мен ұстазбын. Олардың дәрісі ертең. Біздің ауыл ұзақта. Сіздің құжатыңыз дайын. Сендердің тапсырмаларың тексерілді. Сендер патриотсыңдар. Олар қалада оқиды. Сіздер мықты мамансыздар.

## 9-ДӘРІС. 12-ТАПСЫРМА. (112-бет)

- Қайырлы таң!
- Қайырлы таң!
- "Жас Алаш" газетінің 2010 жылғы нөмірлеріне тапсырыс беріп едім. Менің тапсырыс**ым** дайын ба екен? Қайдан алсам болады?
- Оқырман билетіңізді берсеңіз, қарайын. Тапсырыс**ыңыз**ды осы залдан аласыз.
- Тапсырыс**ым** қанша уақытта дайын болады?
- 15 минутта дайын болады, әзірше күте тұрыңыз.
- Рақмет!
- Оқасы жоқ.

## 9-ДӘРІС. 13-ТАПСЫРМА. (113-бет)

1. Салтанат журналистика факультетінде жұмыс істейді.
2. Елдос сирек қорлар бөлімнің тұрақты оқырманы.
3. Сәуле апай кітапханада жиырма жылдан бері жұмыс істейді.
4. Салтанат газет-журнал оқығанды ұнатады.
5. Салтанат – мерзімді басылым бөлімнің тұрақты оқырманы.

### 10-ДӘРІС. 1-ТАПСЫРМА. (116-бет)

Қонақ демалысқа бір аптаға келді. Оған екі кісілік, терезесі теңізге қарайтын, жетінші қабаттан бөлме қажет. Үшінші қабатта және жетінші қабаттарда бос бөлмелер бар. Қонақ жетінші қабаттан бөлме алды. Бөлмелер теңізге қарайды. Қонақүйдің кітапшасында ғаламтордың құпия сөзі, қонақүй туралы ақпарат, таңғы, түскі және кешкі ас және көңіл көтеру бағдарламалары жазылған.

### 10-ДӘРІС. 2-ТАПСЫРМА. (116-бет)

1. Билет 2. Қонақүй 3. Төлқұжат 4. Вокзал 5. Туристік агенттік 6. Ресепшн 7. Мекенжай сұрау 8. Жүк

### 10-ДӘРІС. 3-ТАПСЫРМА. (118-бет)

Троллейбуспен. Трамваймен. Таксимен. Ұшақпен. Машинамен. Көлікпен. Пойызбен.

### 10-ДӘРІС. 4-ТАПСЫРМА. (118-бет)

**Дұрыс:** Инемен. Кітаппен. Пышақпен. Аспен. Қағазбен.
**Бұрыс:** Күрекмен. Қаламбен. Қасықбен. Тасбен. Айнабен.

### 10-ДӘРІС. 5-ТАПСЫРМА. (119-бет)

**Кім қайда барады?** Марат Көктөбеге барады. Жасұлан Түркістанға барады. Нұрлан Түркістанға барады. Серік Ақтауға барады.

**Немен барады?** Марат машинамен барады. Жасұлан пойызбен барады. Нұрлан пойызбен барады. Серік ұшақпен барады.

### 10-ДӘРІС. 6-ТАПСЫРМА. (120-бет)

Жолдастарыммен. Көлікпен. Достарыңмен. Досыммен.

## 10-ДӘРІС. 7-ТАПСЫРМА. (121-бет)

Сіңлім хат жазып отыр. Анам тамақ дайындап жатыр. Балам саябақта демалып отыр. Ол кітап оқып отыр. Біз телефонмен сөйлесіп жатырмыз. Сендер сұраққа жауап жазып жатсыңдар.

## 10-ДӘРІС. 8-ТАПСЫРМА. (122-бет)

Алматы облысы. Ақтау. Алматы. Ақтау. Түркістан.

## 10-ДӘРІС. 9-ТАПСЫРМА. (123-бет)

Шарын шатқалы – Алматы облысы. Бозжыра шатқалы – Ақтау. Көктөбе – Алматы. Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан. Каспий теңізі – Ақтау.

## 10-ДӘРІС. 10-ТАПСЫРМА. (123-бет)

1. Ақтау 2. Ахмет Ясауи кесенесі 3. Ақтау 4. Көктөбеге автокөлікпен, автобуспен, метромен немесе аспалы жолмен баруға болады. 6. Алматы облысы 7. Шарын шатқалына автобуспен немесе көлікпен баруға болады.

## 10-ДӘРІС. 11-ТАПСЫРМА. (124-бет)

Мен далада саябақта отырмын. Далада ағаштар бар. Балалар футбол ойнап жүр. Орындықта ата кітап оқып отыр. Әже тоқыма тоқып отыр. Екі ана сөйлесіп тұр. Ұл бала ойыншық трактормен ойнап отыр. Оның жанында кішкентай қыз бала өлең айтып отыр. Екі қыз гимнастика жасап тұр. Бір жігіт бокс жаттығуын жасап тұр.

## 10-ДӘРІС. 12-ТАПСЫРМА. (124-бет)

Кітап оқып отыр. Автобус күтіп тұр. Тамақтанып отыр. Ұйықтап жатыр.

Шай. Жақын. Мойын. Тері.

### 10-ДӘРІС. 13-ТАПСЫРМА. (126-бет)

1. В) 2. Ә) 3. А) 4. Б) 5. Ә) 6. А)

### 10-ДӘРІС. 14-ТАПСЫРМА. (127-бет)

Нұргүл демалыста Алакөлге барады.

Нұргүл қонақүйге бронь жасады.

Майра демалыста Түркияға барады.

Медеу Алматыда орналасқан.

Алакөл.

Медеудің биік нүктесіне аспалы жолмен шығады.

Майра Памуккалені және Ая София мешітін көргісі келеді.

### 10-ДӘРІС. 16-ТАПСЫРМА. (128-бет)

Мен тамақ іш**іп отырмын**. Азат мектепке бар**а жатыр**. Олар театрға **бара жатыр**. Сәби бесікте ұйықта**п жатыр**. Студенттер оқытушыны тыңда**п отыр**. Айгүл Әл-Фараби университетінде оқ**ып жүр**.

### 10-ДӘРІС. 18-ТАПСЫРМА. (129-бет)

Есек. Төсек. Келін. Күміс. Теңіз. Жара. Піл. Ғалым. Шеңбер. Дәптер. Күндіз.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

ТҮРІК ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ

ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ (А1)

**Авторлары:**

Н. Бирай, Г. Құрманғалиева Ерджиласун,

Л. Есбосын, Ж. Искакова, С. Ұзақбайқызы

**Редактор:** С.Е. Карыбаева

ISBN 978-601-7504-75-5